

Әділетті Қазақстан

Ел бірлігі –
біздің баға
жетпес
байлығымыз, мем-
лекеттілігіміздің
берік негізі.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ




АДАЛДЫҚ – АСЫЛ ҚАСИЕТ

2

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ
Ерболат ДОСАЕВ
Медеу ауданының тұрғында-
рымен кездеседі.
Жүздесу 21 маусым күні,
сағат 9.00-де Жамақиев көшесі,
145 мекенжайындағы
Назарбаев Зияткерлік
мектебінде өтеді.
Кездесуді онлайн-режимде
«Алматы» телеарнасының
YouTube парақшасынан
және Медеу ауданының
Facebook парақшасынан
көруге болады.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

7

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

20.06.2023

Түнде:



+23+25 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+28+30 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.



**Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с**

21.06.2023

Түнде:



+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+28+30 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.



**Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с**

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №75 (6368) 20 маусым, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ТУРИЗМ

АЛМАТЫ КӨШ БАСТАП ТҰР

Еліміздегі үздік бес туристік қаланың тізімі жарияланды



Коллажды жасаған Нұрбол ӨРІСЖҰЛЫ.

Мәдениет және спорт министрлігі қазақстандық туристерге қызықты қалалардың рейтингін жасады. Ағымдағы жылдың алғашқы 4 айында Қазақстанда 3,5 млн адам ел ішінде саяхаттаған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 36%-ға артық. Оның ішінде көпшілік үшін ең тартымды қала – Алматы. Министрлік тізімінде бірінші болып тұрған алып қалаға қаңтар-сәуір айларында 1 185 130 адам саяхаттап келген. Тау-шаңғы курорттары, сұлу табиғат, қолайлы климат пен қонақжайлылық секілді артықшылықтарымен көш бастап тұрған Алматы еліміздегі бірегей туристік қала болып саналады.

3

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ УАҚЫТША ШЕКТЕЛЕДІ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС мамандарының хабарлауынша, 19 маусымнан бастап 3 шілдеге дейін Алматы қаласының Алмалы ауданында Досмұхамедов көшесінің бойы Жамбыл көшесінен Қабанбай батыр көшесіне дейін көлік қозғалысы шектеледі. Көшедегі қозғалыс екі жаққа да жабылады.

Шектеулер аталған көше сегментінің жүріс бөлігінің астынан өтетін құбырда ағымдағы жоспарлы жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында енгізіліп отыр. Мәжбүрлі қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды және көрсетілген учаскені айналып өту жолдарын алдын ала қарастыруды сұраймыз.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Бақытжан Ертаевты қабылдады.
- Президент Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенатының төрағасы Танзила Нарбаеваны қабылдады.
- Президент Астана және Қазақстан митрополиті Александрды қабылдады.
- Парламент палаталарының бірлескен отырысы өтеді.
- Елімізде бизнесті басқарудың автоматтандырылған жүйесі іске қосылады.
- Алматыда кішкентай сарбаздарға арналған тау лагері ашылды.
- 22 жастағы теннисші Бейбіт Жұқаев Қазақстанның үшінші ракеткасы атанды.
- Қазақстанда 161 мың шетелдік автомобиль заңдастырылды.
- Алматылық полицейлер арасында эстафета өтті.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ АҚОРДА

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаевты қабылдады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кездесу барысында өңірдің жаңа басшысына маңызды міндеттер жүктеді.

Атап айтқанда, азаматтардың тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын одан әрі арттыру, аймақ экономикасын дамыту мәселелеріне назар аударды. Сондай-ақ, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, шағын және орта кәсіпкерлік салаларындағы тұрақты өсімді қамтамасыз етуді тапсырды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қатон-Қарағай, Марқакөл аудандарын қайта құру жөнінде шешім қабылданғанына тоқталып, шекаралас аумақтағы елдімекендерді жүйелі түрде дамыту қажет екенін айтты.

Президент облыс әкіміне коммуналдық инфрақұрылым нысандарын жаңғырту, жылу электр стансаларының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және жылыту маусымына дайындық жұмыстарын пысықтау жөнінде тапсырма берді.

■ СЕНАТ

Сенат спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 22 маусым күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Соған сәйкес, алдағы бейсенбіде сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарайды. Осы құжаттың нормалары арқылы скутер жүргізушілерінің құқықтары мен міндеттері белгіленеді. Сондай-ақ, аталған көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді дайындау саласында мемлекеттік монополияны енгізу көзделген.

Сонымен қатар, Палата отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қаралады. Бұл заң сұйытылған газды тарату жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етуге арналған.

■ МӘЖІЛІС

Мәжілістегі Үкімет сағатында Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы Серік Егізбаев кейінгі үш жылда қант өндіруге төлейтін субсидия артқан сайын жергілікті мазмұн азая түскенін айтты.

«Министр өз баяндамасында жеміс-көкөніс өнімдерін өңдеу саласында 93 млрд-тан астам теңгеге 30 жоба іске асатынын атап өтті. Алайда, бүгінгі күні қосылған құны жоғары өнімнің үлесі – сала бойынша 1,5% ғана. Бұдан төмен қайда барамыз? Қант бойынша да жағдай өте күрделі. Республика дайын өнімнен де, шикізаттан да импортқа толықтай дерлік тәуелді. Отандық өндіріс үлесі 10%-ға жетпейді. Слайдта көрсетілгенді, қант бағасы соңғы 4 жылда 213 теңгеден 442 теңгеге дейін өсіп, екі еседен аса қымбаттады», – деді Мәжіліс депутаты.

Оның дерегі бойынша, Үкіметтің қант саласын дамытуға арналған кешенді жоспары 495 млрд теңгені қажет етеді.

«Быттыр 3,6 млрд теңге көлемінде субсидия игерілді. Биыл 14,1 млрд теңге бөлінді. Алайда, осындай қомақты мемлекеттік қолдауға қарамастан, даму үрдісі теріс динамиканы көрсетіп отыр. Мысалға, 2020 жылы отандық шикізат негізінде ішкі сұраныстың 9% ғана қамтамасыз етілген болса, 2021 жылы – 7%, ал 2022 жылы 6%-ға дейін төмендеді. Парадокс: ақшаны көбірек игереміз, өнімді азырақ аламыз. Осы орайда, Үкіметке аталған мәселені шешудің балама жолдарын қарастыруды ұсынамыз», – деді комитет төрағасы.

■ ҮКІМЕТ

Өткен сенбіде Үкіметте кәсіпкерлік саласында «таза парақтан» реттеуді енгізу және бизнес субъектілерін мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесін автоматтандыру мәселелері қаралды, деп хабарлайды primeminister.kz.

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте мемлекеттік органдар «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, бизнесті реттеудің 44 саласына талдау жасағаны айтылды. Нәтижесінде жаңа реттеу саясатының шарттарына сәйкес келмейтін 10 108 талап анықталды.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың айтуынша, бүгінде кәсіпкерлерге қойылатын негізсіз талаптарды жоюға арналған заңнамалық актілерге 386 түзетуден тұратын бірыңғай пул қалыптастырылған. Жақын арада оларды Парламенттегі Бизнесті жүргізу мәселелері туралы заң жобасына (9 пакет) қосу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар заңға тәуелді актілерге сәйкес талаптардың күшін жоюды және қайта қарауды іске асырады.

Премьер-Министр реттеуші талаптардың күшін жоюға немесе оларды қайта қарауға бағытталған заңға тәуелді актілер бойынша тиісті жұмыстар жүргізілгенін атап өтті: 625 құқықтық актінің 513-і қабылданды. Сонымен қатар, 112 құқықтық акті бойынша жұмыс жүріп жатыр.

Осы орайда Әлихан Смайылов ауыл шаруашылығы, энергетика, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктеріне аталған жұмысты 30 маусымға дейін аяқтауды тапсырды.

■ ӘЛЕУМЕТ

ҚР Әлеуметтік кодекстің іске асыру шеңберінде 2023 жылғы 1 шілдеден бастап еліміздің облыс орталықтары мен мегаполистерінде 20 еңбек мобильділігі орталығы құрылады.

Ал жұмыс істеп тұрған Халықты жұмыспен қамту орталықтары мансап орталықтары болып қайта құрылатын болады.

Еңбек мобильділігі орталықтарының негізгі жаңа функциялары: жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты талдау, болжау негізінде өңірдің еңбек ресурстарының теңгерімін қамтамасыз ету; өңірлік жұмыспен қамту карталарын әзірлеу және оларды жергілікті жерлерде іске асыруды үйлестіру; жұмыспен қамтудың белсенді шараларын іске асыру және өңірде іске асырылатын барлық мемлекеттік бағдарламалар мен жеке бастамалар шеңберінде ашылатын жұмыс орындарының құрылуына мониторинг; жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында азаматтардың ерікті көші-қонына жәрдемдесу және азаматтарды көшіру бағдарламаларын өңірлік деңгейде үйлестіру; жұмыс іздеуші ретінде жүгінген және жұмыссыз адамдарды тіркеу; халықты, жергілікті атқарушы органдарды және уәкілетті мемлекеттік органды өңірлік еңбек нарығының жай-күйі туралы хабардар ету.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ ПРЕЗИДЕНТ

АДАЛДЫҚ – АСЫЛ ҚАСИЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың екінші отырысын өткізді



Ізгіліктің бәрі адалдықтан басталады

Мемлекет басшысы Ұлытау төріндегі алғашқы құрылтайдан бері өткен бір жылда елімізде конституциялық реформа жасалғанын, бұл өзгерістер мемлекеттігіміздің тұғырын бекіте түскенін, ұзақ мерзімге арналған демократиялық бағдарымызды айқындап бергенін атап өтті. Президенттің айтуынша, Әділетті Қазақстанды құру министрлер мен әкімдердің ғана міндеті емес. Оған бүкіл қоғам болып жұмылу керек. Ал түпкі мақсатқа жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз.

Президент отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс екенін айтты.

«Осындай ізгі қасиеттің бәрін бойына сіңірген жанды Адал азамат деген бір ауыз сөзбен сипаттауға болады. Шын мәнінде, біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Ұлы Абай «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» деген. Ал арлы адам әділетсіздік жасамайды. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды. Жемқорлыққа жол берілмейді, ел мүддесіне сай шешім қабылданады. Бір сөзбен айтсақ, қоғамдағы ізгіліктің бәрі адалдықтан бастау алады. Ендеше, Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тарихи жәдігерлер қоры құрылады

Мемлекет басшысы ономастика мәселесінде аймақтардың ерекшелігі мен жалпыұлттық басымдықтар ескерілуі керек екенін де атап өтті.

«Төл тарихымызда ерекше орны бар тұлғалардың бірыңғай тізімін әзірлеу қажет. Бұл тізім еліміздің ішінде және шетелде жалтыұлттық бірегейлігімізді айшықтайтын басты ұстынға айналмақ. Ономастика саласы тарихи сана-сезімді жаңғыртудың маңызды идеологиялық құралы екені белгілі. Кейбір адамдардың қалауымен жалған өмірбаяны әдейі қолдан жазылған Кеңес дәуірінің қайраткерлері бар. Ондай жасанды тұлғалардың есімін түрлі нысандарға беруді доғару қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Алматыдағы Археология институтының қазіргі жағдайына да тоқталды. Оған қазіргі ахуалы мүшкіл деп баға берді.

«Алматыдағы Археология институты – еліміздің бірегей тарихи мұрасын жүйелі зерттеумен айналысатын басты ғылыми мекеме. Өкінішке қарай, оның қазіргі жағдайы мүшкіл. Мекемені жаңғыртып, оның жұмысына тың серпін беру үшін институтқа барынша жағдай жасау қажет. Оны тиісті ресурстармен қамтамасыз ету керек. Институт жанынан тарихи жәдігерлердің арнайы қорын жасақтаған жөн. Мұндай тәжірибе әлем елдерінде кеңінен таралған», – деп тапсырма жүктеді Қ.Тоқаев.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың негізгі отырысында көшпенділікті қазақ халқының басты брендтерінің бірі ретінде атады.

«Қазақтың тағы бір ерекшелігі – көне дәуірден бері келе жатқан өмір салты. Өзге елдер бізді көшпенділердің ұрпағы ретінде біледі. Бұл да – халқымыздың басты брендінің бірі. Келесі жылы менің шақыруыммен Қазақстанда V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Бұл қадам ұлттық спортты дамыта түсуге зор мүмкіндік береді. Сондықтан байрақты бәсекені жоғары деңгейде өткізіміз керек», – деді Мемлекет басшысы.

Ұлттық құрылтайда Президент жерге қатысты жалған ақпарат таратуды доғару керек деді.

«Шетелдіктерге қазақтың бір қарыс жерін де, бір уыс топырағын да бермейміз»

«Еліміз үшін стратегиялық маңызы бар тағы бір мәселе – шекаралас аймақтарды дамыту. Жер – басты байлығымыз. Туынды тігер тоқымдай жерің болмаса, өз мемлекетің де болмайды. Бабаларымыз бізге ұлан-ғайыр аумақты мирас етті. Оны шашуа шығармай сақтап, көркейту – біздің қасиетті борышымыз. Осы орайда, «Жеріміз шетелдіктерге сатылып жатыр» деген сөз ара-тұра айтылып жатады. Бұл – жалған ақпарат», – деді Мемлекет басшысы. Қ.Тоқаев елімізде жерге қатысты түбегейлі шешім әлдеқашан қабылданғанын, ол шешім заңмен біржола бекітілгенін баса айтты.

«Түрлі дақпыртқа сеніп, жәртты дүрліктіретін жалған ақпарат таратуды доғару керек. Біз бабалар аманатына әрдайым адал боламыз. Шетелдіктерге қазақтың бір қарыс жерін де, бір уыс топырағын да бермейміз. Оны көздің қарашығындай сақтаймыз. Шекара маңындағы елдімекендердің ахуалы жеріміздің тұтастығына және еліміздің амандығына тікелей ықпал етеді. Шын мәнінде, бұл – стратегиялық маңызы бар мәселе. Өкінішке қарай, шекара шетіндегі кейбір елдімекенде халық саны күрт азайып кетті. Бұған бір кездегі аудандарды біріктіру жөніндегі шешімдер де ықпал еткені сөзсіз. Облыстардың ішкі аумақтық-әкімшілік құрылымында ойланатын тұстар бар. Біз быттыр Абай, Ұлытау және Жетісу облыстарын құрдық. Бұл шешім аймақтардың дамуына тың серпін берді», – деді Мемлекет басшысы.

«Смартфон баланың қолындағы кітаптың орнын баспауы қажет»

Ұлттық Құрылтайда Президент, сондай-ақ, ұлтымыздың тарихи сана-сезімін жаңғырту; мәдени мұрамызды жан-жақты дәріптеу; ең үздік еңбек адамдарын мемлекеттік деңгейде ұлықтау; ақпарат саясатының тиімділігін арттырып, креативті индустрияны дамыту сынды мәселелерді қозғап, тың бастамалар ұсынды. Өскекең ұрпақтың тәрбиесіне мән беру, оқушылардың рухани дамуына толық жағдай жасалуы қажеттігін, балаларға экологиялық тәрбие берудің маңыздылығын тілге тиек етті.

«Идеология жұмысындағы басты бағыттың бірі – кітап басып шығару ісі. Қазақстан нарығында шетел өнімдері басым екені жасырын емес. Әдеби кітаптардың 90 пайызға жуығы сырттан келеді. Бұл үрдістің салдары қандай болатыны айтпаса да түсінікті. Ұлттық мүддеге сай келетін кітаптарды көптеп басып шығару өте маңызды. Смартфон баланың қолындағы кітаптың орнын баспауы қажет. Қазір еліміздегі мектеп кітапханаларында 130 миллионнан астам кітап бар. Бірақ ондағы көркем әдебиеттің үлесі мардымсыз», – деген Мемлекет басшысы кітап оқитын ел зиялы ұлтқа айналатынын еске салды.

Жиынды Мемлекеттік кеңесші, Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары Ерлан Қарин ашып, жүргізіп отырды. Құрылтай мүшелері атынан Қолданбалы экономика зерттеулері орталығының ғылыми жетекшісі, белгілі қоғам қайраткері Жақсыбек Құлекеев, Қазақстанның Еңбек Ері Вадим Басин, «Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Ақылбай, Парламент Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры, белгілі өнер қайраткері Азамат Сатыбалды сөз сөйледі.

Ашық дереккөздер бойынша әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кеңесшісі:

Президент
реформалары:ҮШ БАҒЫТТАҒЫ
ҮЙЛЕСІМДІЛІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде қоғамның рухани дамуының перспективалары мен тұжырымдамалық бағдарын ғана айқындап берген жоқ. Сонымен қатар, еліміздің жаңа идеологиялық стратегиясын іске асырудың нақты қадамдарын ұсынды.

Бұл арада негізгі бірнеше бағытты атап өту керек.

Біріншіден, Мемлекет басшысы ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруды, ұлттық құндылықтарды одан әрі дамытуды, халқымыздың бірегейлігін нығайтуды идеологиялық жұмыстың басты басымдықтары ретінде айқындап берді.

Екіншіден, Қасым-Жомарт Тоқаев Президент қызметіне кіріскен сәттен бастап Тәуелсіздік мұраттары және патриотизм, еңбек пен білім культі, құқық пен тәртіп, адамгершілік пен жауапкершілік секілді құндылықтарды мақсатты түрде алға тартып келеді. Енді Президент бұл құндылықтарды «Әділетті Қазақстан – Берекелі қоғам – Адал азамат» атты бірыңғай тұжырымдамаға біріктіріп отыр.

Қоғамның жаңа әдебін қалыптастыру бағытындағы жұмыс өте ауқымды. Оны жүзеге асыруға мемлекет те, тұтас қоғам да, еліміздің әрбір азаматы да жауапкершілікпен қарауы қажет.

Үшіншіден, Мемлекет басшысы білім, ғылым, мәдениет салалары бойынша нақты жобалар ұсынды. Ал бұл – еліміздің идеологиялық бағытын дамытудың нақты бағдарламасы.

Сонымен қатар, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жөніндегі бастамаларды тез арада іске асыру мүмкін емес. Осылайша Президент ел дамуының ұзақ мерзімді күн тәртібін белгілеп берді.

Төртіншіден, аталған бастаманың жұртшылыққа ұсынылған уақытын да ерекше атап өткен жөн. Біз қазір саяси реформалардың басым бөлігін жүзеге асыруды аяқтап, экономикада үлкен өзгерістерді бастайтын сәтте тұрмыз. Сондықтан Президенттің қоғамдық құндылықтарды нығайту туралы бастамасы дер кезінде көтеріліп отыр.

Жалпы алғанда, біз Президент реформаларының үш бағыттағы – саясаттағы, экономикадағы, идеологиядағы үйлесімділігін көріп отырмыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз:
Telegram парақшасынан).

ШАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

«АЛТЫН ОРДА»

базарына санитарлық жағдайды жақсарту бойынша ұсыныс берілді



Айнабай
МӘДИ

Call-орталық пен телеграм-топқа «Алтын Орда» базары жөнінде 200-ден астам арыз-шағым түсті.

СИМ мәліметінше, шағымдардың негізгі бөлігі мына жәйттерге қатысты:

- Базар әкімшілігінің іс-әрекетіне, жалға алушы мен саудагерлерден жалдамалы орын үшін қаражаттың өндірілуін бақылау;
- Базардың санитарлық жағдайы;
- Бақылау таразысы мен кассалық аппаратпен жабдықталмауы;
- Павильондарда желдеткіш пен кондиционерлердің болмауы;
- Жаяу жүргіншілер көпіріндегі заңсыз сауда-саттық.

«СИМ Сауда комитеті келіп түскен барлық шағымды зерттеп, олардың әрқайсысымен мобилдік топ арқылы бірлесіп, тиісті жұмыстар жүргізуде. Оған СИМ, ҚМ МКК, ІІМ, ТЖМ, АШМ, Алматы облысы әкімдігінің өкілдері кірді», делінген хабарламада.

ҚР Сауда және интеграция министрлігі Сауда комитеті төрағасының міндетін атқарушы Айдар Әбілдабековтың айтуынша, мобилді топ құрылған сәттен бастап қысқа уақыт ішінде нарықты аралап, оның барысында жалға алушылар, саудагерлер, сатып алушылар пікірі тыңдалып, олар азық-түлік, көкөніс пен жеміс-жидек өнімдерінің бағасы мен баға тұрақтануымен танысуға



мүмкіндік алды. А.Әбілдабеков базар аумағында 15 қосымша бақылау таразысы орнатылғанын атап өтті. Енді базар павильондарында бір ай ішінде 9 кондиционер орнатылатын болады.

– «Алтын Орда» базарының әкімшілігі анықталған басқа да кемшіліктерді жоюы тиіс. Ең алдымен, базар аумағына кіреберіс-тегі түсініксіз алымды алып тастауға мүмкіндік беретін «ақылды» илағбаумдарды орнату қажет. Екіншіден, базардың өзіндегі заңсыз алым жойылып, барлық қаражат есеп айырысу-кассалық аппараттар арқылы қабылданады. Сонымен бірге, базар әкімшілігінің атына жүргізушілер аймағын жаяу жүргіншілерден бөлу мәселесін шешу, оның ішінде жаяу жүргіншілер өткелін ойластыру қажеттілігі туралы ұсыныс

енгізілді. Сондай-ақ, базардың санитарлық жағдайын жақсарту бойынша ұсыныс берілді. Сауданың тоқтап қалмауы қарастырылғандықтан, санитарлық жұмыс бір ай бойы аймақтық түрде жүргізілетін болады, – деп атап айтты комитет төрағасының міндетін атқарушы.

Бұдан бұрын «Алтын Орда» базарында фермерлерге жүк көліктері үшін 100 тегін орын бөлінген болатын. Ауыл әкімдігінен анықтама алған ауыл шаруашылығының кәсіпкерлері енді сауда нысанына қиындықсыз қол жеткізе алады. Сату орындары шатырмен жабдықталып, тұрақты қадағалауға (мониторинг) қажет камералар орнатылған. Бұл жағдай фермерлерге ауыл шаруашылығы өнімдерін делдалсыз бірден тұтынушыларға сатуға мүмкіндік береді.

МОНИТОРИНГ



САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

Мегаполис тауларында мұздақ көлдерді
бақылау үшін 7 гидробекет қойылды

Сел жүру қаупі бар кезеңнің басталуы мен жоғары температура-ның болуына байланысты мореналық көлдерді бақылау және мониторинг жасау үшін Алматы тауларында Қазселден-қорғаудың 7 биік таулы маусымдық гидробекеті қойылды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қалалық ТЖД-ның мәліметінше, Алматы тауларында сел жүру қаупі бар кезеңде барлығы 19 бекет жұмыс істейтін болады, оның 9-ы жыл бойы жұмыс істеуде.

«Алматы қаласының маңында 51 мореналық көл бар, жаз мезгілінде олардың ішіндегі 6 аса қауіпті көлде босату жұмыстары жүргізілетін болады. Қазіргі таңда морена-

лық көлдердің толуы байқалуда, бірақ олардағы су деңгейі шектік белгілерге жеткен жоқ, көлдің салалары байқалмайды. Көлдерді судан босату және эвакуациялық арналарды тереңдету, қосымша сифонды құбырларды орнату және монтаждау бойынша алдын алу жұмыстарын 20 маусымнан кейін бастау жоспарлануда», деп хабарлады ТЖД.

Сонымен қатар, сел жүру қаупін тәулік бойы бақылау – нақты уақыт режимінде гидрометеорологиялық жағдайды қашықтықтан бақылауға мүмкіндік беретін сел қаупі Мониторингінің автоматтандырылған жүйесінің (МАЗ) 31 станциясының көмегімен жүзеге асырылады.

Ведомствоның баспасөз қызметі мамандарының айтуларынша, жалпы, маусым-қыркүйек айлары аралығында қаладағы сел жүру қаупі Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті мен «Қазселденқорғау» мекемесінің ерекше бақылауында болады. Айта кетейік, Алматы тауларына гидробекеттерді қоюға Алматы қаласы әкімдігі авиациялық қолдау көрсеткен.

ТУРИЗМ

АЛМАТЫ
КӨШ
БАСТАП ТҰР

еліміздегі үздік
бес туристік
қаланың тізімі
жарияланды

(Басы 1-бетте)

Екінші орында – Астана тұр. Бұл шаһар әкімшілік-іскерлік орталық қана емес, туристер жиі таңдайтын басым бағыттардың бірі. 2023 жылдың алғашқы төрт айында Астана 951 750 мейманды қабылдаған.

Ал үшінші орынды Шымкент қаласы иеленген. Бұл қала көпшілікке қонақжайлылығымен танымал. Қаңтар-сәуір аралығында шырайлы шаһарға 346 280 адам саяхаттап келген.

Төртінші орын Атырауға бұйырыпты. 4 ай ішінде аталмыш қалаға 305 460 қонақ келген.

Теңіз жағасында орналасқан Каспийдің ақмаржаны саналатын Ақтау қаласы бесінші орынға тұрақтапты. Қалаға 220 660 қонақ келген.

Жалпы, Мәдениет және спорт министрлігі ішкі туризмді ынталандыру мақсатында бірнеше бағдарламаларды іске қосқан. Соның бірі – Kids go Free бағдарламасы. Ол бойынша қазақстандықтар ел ішіндегі отбасылық демалысты тиімді жоспарлап, туроператорлардан туристік пакет сатып алғанда 30%-ға дейін қаражат үнемдей алады.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.



ТАҒАЙЫНДАУ

ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ
СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ
БАСҚАРМАСЫНДА –
ЖАҢА БАСШЫ

Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы лауазымына Талғат Мәлібаев тағайындалды.

Талғат Мәлібаев 1987 жылы 20 желтоқсанда Қарағанды облысында туған. Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін «Көлік» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2010 жылы Қарағандыдағы «Агро-Консалтинг-К» АҚ Стратегия және бюджеттік жоспарлау департаментінің маманы ретінде бастады.

Әр жылдары құрылыс компанияларында жұмыс істеді, сондай-ақ Алматы қаласының «Алматы жылу желілері» ЖШС-де, Алматы облысының «Жетісу» ӘКК ҰК АҚ-да басшылық қызметтер атқарды.

Тағайындалғанға дейін «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ ТКШ қызметтерінің сапасын арттырудың базалық бағытын іске асыру тобының басшысы болып жұмыс істеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТАЗА ҚАЛА

А.Жақұтов атындағы «ЖЭО-2»-де қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі байқау жеңімпазы марапатталды.



Айнабай
МӘДИ

Аталған іс-шараға қала әкімдігі, Алматы қаласы бойынша Экология департаменті, «Arka Development» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ өкілдері қатысты. Бұдан бұрын, 1 маусымда «АлЭС» АҚ Алматы ЖЭО гидрокүл-кож қалдықтарын қайта өңдеу, сондай-ақ оны кәдесге жарату жөніндегі ғылыми-техникалық жобаларды іздестіру байқауы қорытындыланған болатын.

Байқау комиссиясы егжей-тегжейлі зерделеген әлеуетті қатысушылардан жеті өтінім келіп түсті. Комиссия құрамына әкімдіктің, Алматы қаласы бойынша Экология департаментінің өкілдері, ғылыми институттардың техникалық мамандары мен «АлЭС» АҚ кірді. Ұсыныстарды қарау нәтижесінде бірауыздан «Arka Development» ЖШС байқау жеңімпазы болып таңдалды.

Ұсынылған жоба Алматы ЖЭО-2 жанында жылдық өнімділігі 300 мың тонна күл-кож қалдықтарын қайта өңдеу кешенін салуға мүмкіндік береді. Қалдықтарды қайта өңдеу нәтижесінде өнімнің төрт түрі алынатын болады, олар: көмір жағу (қазандықтарға арналған брикеттелген өнім); магнетит (металлургия өнеркәсібіне арналған шикізат, ауыр бетон толтырғышы); микросфера (пластмассадан, гипстен, керамикадан, жеңіл цементтерден жасалған бұйымдар өндірісіндегі толтырғыштар); алюминий силикат өнімі (құрылыс материалдарына арналған шикізат).

Еліміздің қолданыстағы экологиялық заңнамасының талабына сай, 2030 жылға қарай қалдықтарды қайта өңдеу үлесі 40 пайызға, 2050 жылға таман 50 пайызға жеткізілуі тиіс. Бұл жоба Алматы ЖЭО-да пайда болатын күл-кож қалдықтарынан өңдей келе, одан 99 пайызға дейін пайдалы элементтер алу, күл-кож алаңдарын қысқарту, содан кейін оларды толық қалпына келтіру жөніндегі міндетті шешуге мүмкіндік береді.

ТИІМДІ ЖОБА

қалдықтар қайта өңделеді



Шара барысында «АлЭС» АҚ мен «Arka Development» ЖШС бұдан әрі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. «АлЭС» АҚ

күл-кож қалдықтарын қайта өңдеу бойынша үздік ұсыныс үшін конкурс жеңімпазына 1000 000 теңгеге сертификат табыстады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Данияр ӘЛІМСЕЙІТОВ,
Алматы қаласы бойынша Экология
департаментінің басшысы:

МҰНЫҢ ІСКЕ АСҚАНЫ
АСА ҚАЖЕТ

Бұл жоба өте керек. Мұндай жобаны көп күткенбіз. Біз осы кезге дейін АлЭС-ке талай рет өндіріс шығатын күл-қалдықтарын кеміту, сақталғандарын азайтуға қатысты шаралар істеу үшін тапсырма, құжаттарына тиісті нұсқама беріп отырдық. Қазірдің өзінде Алматы аумағында 20 млн тоннадан астам күл-қалдық сақталған. Сол себептен, бұл – өте тиімді жоба. Мұның іске асқаны аса қажет.

Рахат ЕЛАМАН, «Arka Development» ЖШС
атқарушы директоры:

ЖОБАЛЫҚ ҚУАТЫ –
300 МҰҢ ТОННА

Өндіріс орны ЖЭО аумағында, жанында болады. Өндірілген өнімнің бәрі қазақ елінің кәдесіне жаратылады. Инвестициясы бүгінгі күнгімен есептегенде, шамамен 21 млн АҚШ доллары. Жол картасы бойынша жұмыс тобын құрып, есептеуге екі жетпей уақыт кетеді. Күнтізбек кесте белгілі болғанда бастаймыз. Пилоттық жобада 300 мың тонна жобалық қуатқа 200 адам жұмыс істейтін болады. Одан соң жағдайымыз дұрыс болса, қуатымызды 1 млн тоннаға дейін жеткізуге болады. Әлбетте, ол кезде жұмыскерлер саны да артады.

ЖАҢА АЛМАТЫ

СӘУЛЕТТІК КЕЛБЕТКЕ САЙ

Сыртқы жарнамаға қатысты ереже әзірленді

Кез келген бизнес жақсы ұйымдастырылған маркетинг немесе жарнама арқылы дамиды. Тауар мен қызметтің белгілі бір түрлерін насихаттайтын дүние алып шаһар Алматыда да жақсы жолға қойылған.

Әйтсе де, бізде қаланың келбетіне сай келмейтін сауатсыз жарнама көп. Әсіресе, сыртқы жарнамаларда бұл олқылық анық байқалады. Ондағы негізгі қате – орыс тілінен тікелей аудару, яғни калька басым. Бүгінде қала көшелеріндегі жарнамаларда түзетуді қажет ететін грамматикалық және стильдік қателер, сондай-ақ, қазақ тілінің талабына сай келмейтін сөзбе-сөз аудармалар баршылық. Сыртқы жарнама ны пайдаланудың өзіндік ережелері бар екенін ескерсек, қала көшелерінің бүгінгі көрінісі талапқа сай болмай тұр.

Осыны ескерген Алматы әкімдігі сыртқы жарнама объектілерін орнатуға байланысты ереже әзірледі. Бұл туралы қалалық жоспарлау басқармасы басшысының міндетін уақытша атқарушы Еркебұлан Сембаев айтты.

Оның айтуынша, Алматы әкімдігі қаладағы үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орнату тәртібін айқындайтын қағидалар әзірлеп, бекітті.

– Көрнекі жарнамаға қатысты ереже жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жарнамалық конструкцияларға қойылатын талаптарды белгілеуге, қала

орталығын тазалауға, қала бойынша жарнамалық конструкцияларды біркелкі бөлуге, сондай-ақ стихиялық жарнама мен ірі форматты конструкциялардың үлесін азайту арқылы қаланың сәулеттік келбетін жақсартуға бағытталған, – деді ол. Сонымен қатар, бұл ережелерде құмар ойындарды жарнамалауға

тыйым салатын норма қарастырылған.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Алматы қаласының әкімдігі «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына құмар ойындарды жарнамалауға тыйым салу бойынша одан әрі шаралар қабылдап жатыр.



ФЕЙК

АҚПАРАТ ШЫНДЫҚҚА
ЖАНАСПАЙДЫ

Әлеуметтік желілерде жарияланған 2023 жылы 28 маусымда «МЕДЕУ» биік таулы спорт кешенінде «Айт Фест» өтеді деген ақпаратқа қатысты мемлекеттік жарғылық капиталға 100% қатысушы болып табылатын құрылтайшысы «Алматы қаласының спорт басқармасы» КММ болып табылатын Алматы қаласының спорт басқармасы, әрі қарай (Дирекция) бұл ақпараттың шындыққа сәйкес келмейтінін хабарлады.

«Айт Фест» фестивалін ұйымдастырушы мен Дирекция арасында фестивальді өткізу туралы келіссөздер жүргізілген жоқ және тиісті келісім жасалмады.

Бұдан басқа, 2023 жылдың 27 маусымы мен 29 маусымы аралығында «Медеу» биік таулы спорт

кешенінде спорт фестивалін өткізу жоспарлануда.

Сондай-ақ, «Азия дауысы» халықаралық музыка фестивалін «Медеу» муз айдыны спорт кешенінде өткізу жоспарланғандықтан 29 маусымнан бастап монтаждау жұмыстары мен декорацияларды ресімдеу жүргізіледі. Демек, мұнда өзге де іс-шараларды өткізу мүмкін емес.

Дирекция жоғарыда айтылған жалған ақпаратты тарату қала тұрғындарын адастырып, объектілердің жұмысына қолайсыздықтар туғызатынына назар аударады. Егер шындыққа жанаспайтын осындай жалған ақпараттар жалғасатын болса, онда Дирекция құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін құқық қорғау органдарына жүгінетін болады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

СУ УАҚЫТША БОЛМАЙДЫ

Алматы мен Алматы облысының бірнеше тұрғын алаптары бір тәулікке суық сумен жабдықтаудан ажыратуды жоспарлап отыр. Бұқтырма көшесі мен Құлжа трактінің қиылысында жол-көлік айрығын салу жөніндегі іс-шараларды іске асыру шеңберінде Д=1400 мм, 1200 мм су бұрғыштарды құрылыс дақтары астынан шығару жөніндегі жұмыстардың соңғы кезеңі жүргізілетін болады.

«Алматы Су» МКК хабарлауынша, 20 маусым сағат 00.00-ден 21 маусым сағат 22.00-ге дейін «Нұршашқан», «Қайрат» ш/а орналасқан тұрғын үйлер мен әкімшілік ғимараттарға су беру тоқтатылады. Сондай-ақ, Алматы облысы Талғар ауданының елді-

мекендеріне: «Белбұлақ», «Гүлдала», «Луч», «Тұздыбастау», «Түзусай», «Бірлік», «Бесағаш».

Сонымен қатар, «Family Comfort», «Medeu city», «Besagash», «Nayat Apartments», «Nomad City», «Tomarix City», «Алтын төбе», «Аспан Сити», «Алтын Сити», «Нұрия», «Достар» және т.б. тұрғын үй кешендеріне Құлжа трактінің бойында орналасқан коммерциялық нысандарында (тамақтану орындары, базарлар, Автосалондар және т.б.) су беру шектеледі. Уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұраймыз.

Бетті әзірлеген
Құралай ЖҰМАДІЛОВА.



САРАПТАМА

БЛИНKENНІН БЕЙЖІН САПАРЫ:

САЯСИ ТӘУЕКЕЛДІН ҮМІТІ АҚТАЛДЫ МА?

Ақпараттық және саяси қысымдарға қарамастан, жексенбі күні АҚШ Мемлекеттік хатшысы Қытайға сапарлай барды. Этнони Блинкен мен Қытай Сыртқы істер министрі Цинь Ган арасындағы кездесу 7 жарым сағатқа созылды. Бұл АҚШ–Қытай ортасындағы аз да болса дипломатиялық ілгерілеу болды. Екі елдің ресми ақпарат құралдары кездесуді «ашық» және «шынайы» болды деп бағалап жатыр. Вашингтон мен Бейжің шиеленіс күшейген қазіргі жағдайда екіжақты қатынасты тұрақтандыруға күш салуда.

БЛИНKENНІН САЯСИ ТӘУЕКЕЛІ

Шет жұрт Блинкеннің кезекті сапарына неге назар аударды? Себебі, әлемнің алдыңғы екі экономикасы арасындағы қайшылықты қарым-қатынас бүгінгі жаһан келбетіне елеулі әсер етіп тұр. Көптеген халықаралық жағдайлар үшін Вашингтон мен Бейжің қатынасының қай бағытқа дамитыны маңызды. Оның үстіне, соңғы бес жыл ішінде АҚШ-тың бірде-бір мемлекеттік хатшысы Қытайға сапарлап бармаған еді.

Америкалық бас дипломаттың Қытай сапарына кедергілер де аз болмаған еді. Ақпан айында жоспарланған сапар кезінде «шар оқиғасы» дейтін шу шығып, сапар кейінге шегерілген. Ал кезекті сапарға дайындалып жатқанда қауіпсіздікке қатысты тағы бір мәселе шыққан еді. Ірі ақпарат құралдарында Қытай Куба жерінде Құрама Штаттарға қарсы барлау жүргізетін станция салғалы жатыр деген ақпарат тараған-тұғын. Бұл ақпараттың толқыны Ақ үйді күшті екпінімен соғып, Блинкен сапарынан бас тартуы мүмкін деген болжамдар да айтылды.

Соған қарамастан, Блинкен үлкен саяси мақсат пен тәуекелді аркалап Бейжіңге барды. Кеше ол екі күндік сапарын аяқтап қайтты.

БАРЫС-КЕЛІС ҚАЙТА ЖАНДАНА БАСТАЙТЫНДАЙ

Қытай СІМ-нің басшысы Цинь Ган америкалық бас дипломатты жексенбіде (18 маусым) Бейжіңдегі Даюйтай мемлекеттік қонақүйінде күтіп алды.



АҚШ жоғары лауазымдыларының айтуынша, Блинкен мен Цинь Ган кездесуі Вашингтон мен Бейжіңнің кезекті тап болып отырған дипломатиялық қиыншылықтарын негізгі тақырып еткен. Жеті сағаттан аса жеке кездесуде Блинкен аймақтық қауіпсіздік, есірткіге қарсы күрес, климаттың өзгеруі, жаһандық макроэкономикалық тұрақтылық, Қытайда заңсыз қамауға алынған америкалықтарды алмасу және Америка Құрама Штаттары мен Қытай халықтары арасындағы қарым-қатынастарды дамыту секілді мәселелерді өз тарапынан алға қойған. Бұлар оның Қытай сапарында жетсем деген негізгі дипломатиялық мақсаттары еді.

АҚШ Мемлекеттік департаментінің өкілі Мэттью Миллер кездесуге қатысты ресми мәлімдемесінде: «Мемлекеттік хатшы диалог барысында Америка Құрама Штаттары әрқашан америкалықтардың мүдделері мен құндылықтарын қорғайтынын баса белгіледі», – деп мәлімдепті. Оның айтуынша, Блинкен Цинь Ганға Құрама Штат өз одақтастары мен серіктерінің мүддесін де батыл қорғайтынын, соған қоса ашық әрі еркін, халықаралық ережелерге негізделген әлем туралы көзқарасын да жеткізген.

Блинкен қытайлық әріптесін өз еліне шақырды. Цинь Ган бұл ұсынысты қабыл алды.

Демек, Бейжің–Вашингтон арасында дипломатиялық барыс-келіс қайта жандана бастағандай.

ВАН ИМЕН КЕЗДЕСУ НЕ БЕРДІ?

Дүйсенбіде Блинкен бұрынғы әріптесі, әрі Қытайдың Сыртқы істер жөніндегі жоғары лауазымды тұлғасы, ҚКП ОК Саяси Бюросының мүшесі, Орталық Сыртқы істер комиссиясы кеңсесінің директоры Ван Имен кездесті. Екі дипломат бұған дейін де талай мәрте диалог ала алмаған. Сондықтан екеуінің кездесуі біршама ауқымды тақырыптарға ойысқан. Кездесудің мазмұнына қатысты мәлімет тек түстен кейін шыға бастады. Синьхуа ақпарат агенттігінің хабарында Ван И Блинкенге Қытай–АҚШ қайшылығының түпкі себебі АҚШ-тың Қытайға қатысты қате түсінігі және Қытайға қатысты қате саясат жүргізуі деген. Ол сондай-ақ, АҚШ тарапынан «Қытай қауіп теориясы» бас тартып, Қытайдың технологиялық дамуына кедергі келтірмеуді, ішкі істеріне орынсыз араласпауды сұраған. Бұған қоса, Тайвань мәселесінде Қытай ымыраға келе алмайды деген сыңайда ұстанымдарын жеткізген.

Сарапшылар Блинкен мен Ван Идің кездесуі Қытай басшысы Си Цзиньпиннің

АҚШ өкілдерін қабылдауына жол ашты деп санайды. Былайша айтқанда, Блинкен Ван Имен аса маңызды тақырыптарды талқылап, пікір айырмашылығының қай деңгейде екені анықталғаннан кейін ғана ҚКП бас хатшысымен бетпе-бет жолығуға мүмкіндік туады.

Әу баста Блинкеннің Қытай басшысымен кездесетіні туралы ешқандай мәлімет берілмеген болатын. Си Цзиньпиннің Блинкенді қабылдайтыны туралы ресми мәлімет тек кездесуден бір сағат бұрын ғана шықты. Сөйтіп, 19 маусымда түстен кейін ҚХР төрағасы АҚШ Мем. хатшысын Бүкен конференц-залында қарсы алды. Кездесу үстеліндегі гүлдер, шай дастарханы, адам аттары жазылған тактайшалар секілді детальдарға қарағанда Қытай тарапы кездесуге алдын ала дайындалғаны да байқалады. Бұның өзі көп түйтілге жауап беретін меседж.

Егер, Қытай басшысы америкалық бас дипломатпен қол алысса, бұл тараптардың ашық дипломатиялық жылымыққа қарай бет бұра бастағанын көрсетеді. Себебі, екі елдің арақатынасы суымай тұрып, Қытай басшысы Тиллерсонды, Помпеоны және Мэттис секілді түрлі лауазымды тұлғаларын қабылдай беретін.

ӘР ЕЛДІН ӨЗ АЙТАРЫ БАР

Текетірес кезінде екі ел дипломатиялық тұлғаларының кездесіп жатуының өзі жеткілікті нәтиже. Кездесу кезіндегі саяси және ақпараттық қысымдардың ықпалын ескергенде, тіпті бұл көп ілгерілеушілік десек те артық емес. Бірақ кездесулерден кейін қос тараптың ресми мәлімдемелерінде аздаған айырмашылықтар байқалды. Әр тарап өзіне маңызды деген мәселелерді басымдыққа шығарды. Сондықтан Блинкен сапарының дипломатиялық жетістігі 100 пайызбен бағаланбай тұр.

Көптеген бақылаушылар Блинкеннің Ван Имен, Цинь Ганмен кездесуі АҚШ пен Қытай президенттерінің кездесуіне жол ашады деп те үміттенген еді. Бірақ бұл нәтижеге жету үшін әлі де біраз қадам жасалуы қажет сияқты. Демек, АҚШ пен Қытай арасындағы тоң маусым–шілде айларында жібі қоймайды.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.



БАЙЫПТАМА

Быттыр Президентіміз Тайвань, Косова, Оңтүстік Осетия, Абхазия секілді өздерін тәуелсіз елміз дейтін квазимемлекеттерді Қазақстанның мойындамайтынын мәлімдеп еді. Сөзінің соңында тізімге ЛХР мен ДХР-ді де қосты. Бұл мәлімдемені көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарымыз ұзақ күткен еді. Ресей ақпараттары осыны себеп етуде.

Халықаралық қатынастарда дау тудыратын екі қағида бар. Бірі халықтардың өзін-өзі айқындауы, ал екіншісі мемлекеттің біртұтастығы. Жер десе, қаны қайнамайтын қазақ жоқ. Сондықтан да біз мемлекетіміздің біртұтастығына мән береміз. Унитарлылық қанымызға сіңген. Оны Ата заңымызға да бекіткенбіз.

Әйтсе де, форумға бармаудың себебі басқа еді. 8 маусымда Абай облысының «Семей орманы» резерватында өрт басталды. Өртке оранған аумақтың көлемі артып, жағдай ушықты. Мемлекет басшысы шұғыл түрде облысқа барып, тілсіз жаумен күресті өз қолына алды. Тіпті, Вьетнамға жұмыс сапарын кейінге қалдыруға тура келді. Мұндай жағдайда Петербордағы форумға бармайтыны айтпаса да түсінікті. Бұл көршіні сыйламағандық емес. Керісінше, оның да жағдайын ойлау. Себебі, өрт дер кезінде ауыздықталмаса, көрші елдің аумағына өту қаупі де болды.

Петербург халықаралық экономикалық форумы 1997 жылдан бері өткізіледі. Быыл 26-рет өтті. Еліміздің президенттері форумға бар-жоғы 5 рет қатысқан екен. Шараға посткеңестік елдердің басшылары да көп қатыспаған. Эмомали Рахмонов (Тәжікстан), Гурбангулы

МӘСКЕУДІН СЫРТҚЫ САЯСАТЫ ӨЗГЕРМЕЙДІ

Өткен аптада Санкт-Петербурда халықаралық экономикалық форум өтті

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» деуші еді. Форум болардан бірер күн алдын Ресейлік ақпарат құралдары іс-шараға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев келмейтін болыпты деп жарыса жаза бастады.



Бердымухаммедов (Түркіменстан), Ислам Каримов (Өзбекстан), Виктор Ющенко (Украина), Михаил Саакашвили (Грузия) және Ильхам Алиев (Әзербайжан) 2007, 2008 жылдары қатысқан.

Бұдан бөлек, форумға халықаралық қауымдастық тарапынан қызығушылық та азайып барады. Дегенмен, биыл оған ШЫҰ, БРИКС сияқты ұйымға мүше елдер қатысты. Бұл Мәскеудің осы бағытта экономикалық ынтымақтастық орнатып жатқанының көрінісі.

Посткеңестік кеңістікте мұндай форумдарды ұйымдастырудың саяси

астары бар. Халықаралық іс-шара Президент институтының саяси беделін арттыру құралына айналған. Бұл тәжірибені Ресей де қолданады. Биыл да Ресей Президенті бұл дәстүрден бас тартпады.

16 маусымда В.Путин жылдағыдай сөз сөйледі. Сөзінің басым бөлігі сыртқы аудиторияға емес, халқына бағытталды. Әсіресе, елдің экономикалық жетістіктеріне баса назар аударды.

Дегенмен, біз назар аударуға тиіс дүние бұл емес. Батыс елдерінің экономикалық санкциясы астында қалған Мәскеу Азиямен экономика-

лық ынтымақтастықты күшейтуде. Көрші ел «Солтүстік-Оңтүстік» транспорт дәлізінің әлеуетін кеңінен қолданып жатыр. В.Путин осы бағытта экспорт көлемін 2025 жылға қарай екі есе, ал 2030 жылы үш есеге арттыруды жоспарлап отыр. Оның жүзеге асуына қатысты сұрақтар да жеткілікті. Мысалы, жылдың басында транспорт дәлізінде орналасқан теңіз порттары сауда айналымының өсіміне дайын болмай шықты. Оған қыстың суық болып, теңіз суының қатуы әсер еткен. Сонымен қатар, порттардың инфрақұрылымы да үлкен көлемді тауар тасымалын еңсере алмады.

«Солтүстік-Оңтүстік» – Ресей–Иран–Үндістан елдерін байланыстыратын халықаралық транспорт дәлізі. Оның тарихы 1999 жылы үш елдің транспорт компанияларының келісімінен басталды. 2022 жылы транспорт дәлізі арқылы өтетін тауар айналымы күрт өскен.

Кеден қызметінің мәліметі бойынша өткен жылы сыртқы сауда 8,1% өсіп, 850,5 млрд АҚШ долларын құраған. Ең алдыңғы орында Қытай болса, келесі орындарда Түркия, Үндістан және Белоруссия тұр. Көрші ел басшысының мәлімдеуінше Ресей ЕАЭО, Азия, Таяу Шығыс және Африка, Латын Америкасы елдерімен транспорт байланыстарын әрі қарай да нығайта бермек.

Көршіміз 2014 жылдан бері доллардан бас тарту саясатын

белсенді жүзеге асыруда. Сол жылы Қытай екі ел арасындағы саудада ұлттық валюталарын қолдануға ниет білдірген. Бірақ 2018 жылы Пекин одан бас тартты.

Форумда Ресей басшысы Украинаға қатысты да мәлімдеме жасады. Оның айтуынша, Украина тарапы Ресейге қарсы шабуылын тоқтатпаса, онда ол жақта «санитарлы кордон» құрылады.

«Санитарлы кордон» геосаясатта қолданылатын әдіс. Оның негізгі мақсаты сыртқы жау территориясында лимитрофты мемлекеттерді құру. Лимитрофты мемлекеттер жау жақтан келетін идеологияны тоқтатуға бағытталады. «Санитарлы кордон» саясаты бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін қолданылған еді. Ұлыбритания мен Франция 1920–1930 жылдары Кеңес Үкіметі айналасында лимитрофты мемлекеттерді құрды. Олар коммунистік идеяның таралуын тежеген болатын.

Мәскеудің бұл мәлімдемесі аймақтағы геосаяси жағдайға әсер етпей қоймайды. Себебі, біз мойындамайтын ЛХР мен ДХР квазимемлекеттері «санитарлы кордон» геосаясатының бір ұшы ғана болуы мүмкін.

Пердехан
ШАМШИЕВ,
сарапшы.





МЕРЕЙ

САБАНТОЙ

дәстүрге айналған мереке

Алматыдағы «Фәмили» саябағында «Идел» татар-башқұрт қоғамдық-мәдени орталығының ұйытқы болуымен Сабантой (Сабантуй) мерекесі өтті.

Айнабай
МӘДИ

Салтанатты салттық мерекені Татар–Башқұрт конгресі ақсақалдар кеңесінің төрағасы Гриф Тимурұлы ашып, жиылған алматылықтар мен мереке қонақтарын ұлыстық, салт-тұрмыстық мерейлі мейрамдарымен құттықтады. Шығып сөйлеген ардагерлер, өнер мен мәдениет қайраткерлері, дін өкілдері ұлысын ұлықтаған мейрамның маңызына тоқталып, ел мен жұрттың ынтымағын арттыра бекілетін сөздерін айтты.

«Сабан» деген сөздің өзі «соқа» деген

мағынаны білдіреді. Бұл белгілі бір күнге жоспарланбаған мереке. Сабан туй (той) – татар, башқұрт халықтарының бұрынғыдан бері келе жатқан мейрамы. Бұл – Наурыз мерекесінен кейін көп шаруалар біткен соң, шөп шабуға дейін басталар мейрам.

Сахна төрінде сыбызғы-сырнайдың сазды әуені қалықтады. Әсерлі ән шырқалды, күмбірлеп күй ойнады. Алты сағатқа созылған сабантойда қонақтар дастарқаннан татар-башқұрттың дәм-тұзын татты, қолөнер бұйымдарын тамашалады. Баландар белдесті, ұлттық ойындар болды, балалар асфальтқа сурет салып жарысты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гриф ТИМУРҰЛЫ, «Тұран» университетінің профессоры, Татар–Башқұрт конгресі ақсақалдар кеңесінің төрағасы:

ҰЛЫС ӨНЕРІ АЙШЫҚТАЛДЫ

Біздің жас кезімізде бұл мейрам мамырдың соңы, маусымның басында, кей-кейде шілденің бас жазында тойлана беретін. Татарстан мен Башқұртстанда болатын мейрамдар кезінде ат жарысы болады. Бұл шара ауа райына да байланысты. Жаңбырлы болса, кейінге шегеріледі. Тұрмыс-салты, әдебиеті мен мәдениеті жақын татар мен башқұрт жұрты науқан басталмай тұрып мейрамды өткізіп алуға асығатыны сондықтан. Бек қызық мейрам. Мейрам кезінде ұлыс өнері айшықталып, ән айтылып, би биленеді. Сабантуй – дәстүрге айналған мереке.

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ



Суреттерді түсірген Самат ҚУСАЙНОВ.

«ДӘСТҮРДЕН ТАҒЫЛЫМ»
байқауында мемлекеттік қызметшілер
өнер көрсетті

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті агенттік тапсырмасына сай, «Алатау» дәстүрлі өнер театрымен бірігіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрді дәріптеу мақсатында «Дәстүрден тағылым» театрландырылған байқауын өткізді.

Дәстүрлі өнер театрында «Дәстүрден тағылым» тақырыбы аясында өткен думанды «Алтыбақан» қойылымына жиылған шаһар тұрғындары мен қонақтары, өнерсүйер жұртшылық алдында мемлекеттік қызметшілер бар өнерін салып бақты. Қызметі ел-жұрттың көз алдында өтетін мемлекеттік

қызметшілердің өнерге де таласы барына риза болып, қол соқты.

«Мен қазақпын дегенге мақтанамын, Ойымда бар қуш-қуат, бақ-талабым. Елім дегенде еміреніп толғанатын, Төлеген деген азамат мен боламын», – деп өзін таныстырған мемлекеттік қызметші «Елге қызмет» өлеңінде:

«Мемлекеттік қызметке қайта келдім, Ел мұңын өлеңіммен айта келдім. Баласы боп туғанымға қуанамын, Қазақстандай тәуелсіз байтақ елдің», – деп төгілті.

Бұл – халқына, ел-жұртына қызметін арнаған мемлекеттік қызметшінің жүрек-жарды арнауы. Көрерменге осылай ән-күй арнаған мемлекеттік қызметшілер аз болмады. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деп Абай атам бекер айтпаған-ау... Жиылған қауым өздеріне адал қызметін арнаған азаматтарға риза болып, дуылдата қол соқты.

Айнабай ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.



Суреттерді түсірген Самат ҚУСАЙНОВ.



КЕРЕК ДЕРЕК

* Елімізде 180 мыңға жуық татар, 16 мыңға жуық башқұрт ұлысының өкілі бар. Бұл – Қазақстан халқының 1 пайызы.

* Алматыда 20 мыңнан астам татар-башқұрт ұлысының өкілі тұрады.

СПАРТАКИАДА

БҰЛ САЙЫСТЫҢ
МЕРЕЙІ ҮСТЕМ

Ұлттық спорт түрлері бойынша жарыс өтті

«Айнабұлақ» спорт кешенінде Алматы қаласының әкімшілік және мемлекеттік қызметшілері арасында ұлттық спорт түрлері бойынша спартакиада өтті.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшілер күніне орайластырылған іс-шарада әкімдік басқармалары, департаменттер бөлімшелері арасынан шыққан спортшылар өзара күш сынасты.

Бұл сайыста негізінен қазақтың ұлттық спорт ойындары басты назарға алынды. Дәлірек айтқанда, қазақ күресі, арқан тарту, тоғызқұмалақ, армреслинг, гір спорты бойынша жарысқа түсті.

Спартакиаданың мақсаты – мемлекеттік қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сондай-ақ, ұлттық спорт ойындарының мерейін асыру, ұлықтау, өскелең жас ұрпақтың алдында ұлттық руханиятымызды дәріптеу болып есептеледі.

– Арнайы мереке Алматы қаласының мемлекеттік қызметшілерінің басын қосу үшін ұйымдастырылды. Бұл спорттық іс-шарада ерекшелік бар. Яғни құқық қорғау органдарының қызметкерлері қатыстырылмады. Өйткені, спорт олардың күнделікті айналысып жүрген етене жақын саласы болып есептеледі. Бұл – әділдік болды. Оларға өзара жеке ұйымдастырылып қалар. Осылайша әкімшілік қызметтер бағытындағылар ғана сайысты, – деді Алматы қаласы бойынша мемлекеттік қызметтер істері агенттігінің өкілі Максат Жаңбыршиев.

Спартакиаданың әділ өтуі және әділ бағалануы тек қана төрешілер қолында. Жарыстың басталар сәтінде төрешілер қауымы әділқазы алқасы болуға, адал бәсеке ұйымдастыруға серт берді.

«Бұл сайыстың мерейі үстем. Ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар қамтылған. Нақтырақ, арқан тартыс, қазақ күресі, асық ату, тоғызқұмалақ, гір тасын көтеру және т.б. Ұтқан құрамаға Алматы қалалық Спорт басқармасы тағайындаған медаль, грамота, бағалы сыйлықтар табысталды», – деді Қазақ күресінен жоғары ұлттық дәрежедегі төреші Болатбек Ибрагимов.



Суреттерді түсірген Самат ҚУСАЙНОВ.



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Адамзат үшін қандай қауіп төндіреді?

Әртүрлі салалардағы 119 бас директордың жауаптарын жинаған сауалнама AI-мен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерге қатысты консенсустың жоқтығын көрсетті.

Бас директорлардың 34%-ы AI онжылдықта деструктивті болуы мүмкін деген пікірін білдірсе, ал 8%-ы бұл бес жыл ішінде орын алуы мүмкін деп есептейді, ал 58%-ы уайымдайтын және мұндай сценарий ешқашан орындалмайтынына сенетінін айтты.

Сол сияқты, сауалнамаға қатысқан бас директорлардың 42%-ы AI-дың апатты әлеуеті туралы алаңдаушылық тым асыра айтылғанын жеткізсе, ал 58%-ы оны жоққа шығарды, деп хабарлады CNN.



Бұл тұжырымдар AI саласының көптеген жетекшілері, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қол қойған мәлімдемеден кейін көп ұзамай пайда болды.

OpenAI бас директоры Сэм Альтман және осы саланың көрнекті қайраткері Джеффри Хинтон сияқты тұлғалар қол қойған мәлімдемеден қоғамның AI-мен байланысындағы қауіптерді азайту үшін белсенді шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті.

Бизнес көшбасшыларының пікірлері әртүрлі болғанымен, Йель сауалнамасына қатысқан бас директорлар AI-дың белгілі бір салалардағы трансформациялық әсері туралы жалпы келісімге келді. Бас директорлардың 48%-ы ең маңызды өзгерістерді бастан өткеретін сала денсаулық сақтау, одан кейін 35%-ы кәсіби қызметтер/IT және 11%-ы медиа/цифрлық сала екенін анықтады.

Сарапшылар AI салдарын талқылап жатқанда, Йельдегі сауалнама бизнес көшбасшылары арасында бес түрлі топты анықтады. Олардың қатарында AI салдарын толық ескермей қабылдайтын «қызық жасаушылар», технологияға оптимистік көзқараспен қарайтын «эйфорияға толы шынайы сенушілер» және оның тәуекелдерін жан-жақты түсінбестен AI-ды ынтамен пайдаланатын «коммерциялық пайдақорлар» бар дейді зерттеушілер.

Топ бизнес көшбасшылары жасанды интеллект (AI) адамзатқа жақын болашақта төнетін ықтимал қауіпке айналуы мүмкін деген үлкен алаңдаушылық білдіріп отырғандарын жеткізді. Йельдегі бас директорлар саммитінде жүргізілген сауалнамаға сәйкес, бас директорлардың 42% AI алдағы 5–10 жыл ішінде адамзатты жоюы мүмкін деп санайды.



АҚШАМ-АҚПАРАТ

Бәріміз білетін Zoom AI-мен жұмыс жасай бастады

Zoom қосымшасы енді ЖИ көмегімен іш пыстыратын ұзақ-сонар баяндамалар мен лекциялардың не туралы екенін қысқаша жазып, тезистерін мәтін түрінде ұсына алады.

«Zoom IQ» деп аталатын функция чаттағы сұрақтарға да жауап беретін көрінеді.

Енді QR емес, алақаныңызбен төлем жасай аласыз

Қытайлық Tencent холдингі WeChat Palm Pay деп аталатын жаңа төлем әдісін іске қосты. Онда сіз жай ғана алақаныңызды сканерлеп өтсеңіз жеткілікті. Ол үшін алдымен саусақ ізін WeChat аккаунтыңызға қосу керек.

Дөңгелек сканері бар құрылғы алақанды автоматты түрде оқып, шоттағы ақшаны шешіп алады. Технология қазірдің өзінде Қытайдың орталық үлкен қалаларындағы метроларда, мейрамханалар мен дүкендерде сынақтан өтіп жатыр.

Жасанды интеллектпен жұмыс істейтін алғашқы медитация қолданбасы – Ogimi AI

Жалпы, медитацияның артықшылығын айтып отыру артық. Ogimi Labs компаниясы жасаған AI медитация құралын психикалық денсаулығын, назарын, эмоционалдық әл-ауқатын және қарым-қатынастарын жақсартуға тырысатын адамдар пайдалана алады. Тегін. Платформа сонымен қатар күнделікті күйзелістерден тезірек сауығып, жақсы ұйқыға қол жеткізгісі келетіндер үшін қолайлы.

Өзіңіз тыңдағыңыз келетін жағдайды, күйді, табиғатты сипаттап жаза аласыз. Тек өзіңізге арналған жеке медитация болады. Тыңдау тарихы сақталып тұрады, сонымен бірге әр тыңдағаныңызға қарай ұпайлар беріп отырады.

Айтпақшы, бұл платформаға қазақ тілін қосыңыз деп өтініш жазып жібердім.

Сайтқа сілтеме: <https://ogimi.ai/>

Meta компаниясы Instagram желісіне жасанды интеллектті енгізуді жоспарлап отыр

Бұл туралы компания басшысы Марк Цукерберг айтты. Instagram-дағы мәтін мен суреттерді жасау, Stories-тің кейбір мүмкіндіктері ЖИ арқылы жүзеге асуы мүмкін.

Сонымен бірге, Марктың компаниясы жасанды сана арқылы 3D метаверс жасап жатыр.

AI кезең-кезеңімен Messenger және WhatsApp чаттарына да қосылады дейді Мәкен. Тағы да айта кететін жайт, жақында біздің сүйікті WhatsApp желімізде канал ашу функциясы пайда болады.



Мейірман ӘУЕЛХАНҰЛЫ,
IT маманы, журналист.

КЕРЕК ДЕРЕК

Mercedes-Benz компаниясы AI дауыстық командалары үшін ChatGPT-ді қолданады

Mercedes-Benz АҚШ нарығында ChatGPT интеграциясы бар MBUX дауыстық көмекшісінің үш айлық сынақ нұсқасын іске қосады. Тестілеуге 900 мыңға жуық көлік қатысады деп күтілуде.

ChatGPT интеграциясы кіріктірілген көмекшінің жауаптарын табиғи етіп, драйверлерге көлік жүргізбейтін тақырыптар туралы сөйлесуге мүмкіндік береді. Ұзақ мерзімді перспективада мейрамханаларды брондау немесе кино билеттерін сатып алуды қоса, көбірек опциялар жоспарлануда.

Компания AI-мен жұмыс істеу кезінде жиналған дауыстық деректер сақталады және талданады деп ашық айтады. Бета-тестілеудің мақсаты адамдар оны қалай және не үшін қолданатынын түсіну болып табылады.



ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫ

Халықтың жағдайын жақсартуға тікелей әсер етеді

Үкіметтің кеңейтілген отырысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қашанға дейін импортқа тәуелді бола береміз. Намыс қайда? Қазақстанда түрлі өнім өндіруді жолға қоятын кез келді», – деді.

Шынында да, біз неге өзімізде өндірмейміз? Бәрін сырттан сатып ала беру соншалықты тиімді ме?



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Қазір елдегі дәрі-дәрмектің 10 пайызы ғана өзімізде өндіріледі. Қалған 90 пайызы сырттан әкелінеді. Бұл стратегиялық тауар, оған басқаша көзқараспен қарау керек. Бізде индустриялық басым бағыттар бойынша 10 сала бар. Олар салықтық жеңілдіктер алады. Бірақ соның ішінде фармацевтика жоқ! Ал коронавирус пандемиясы әлемді шарлаған уақытта көптеген елдер шекарасын тарс жауып тастады. Қытайдың өзі Қазақстанмен шекараны уақытша жауып қойды. Осыдан кейін елімізде дәрі-дәрмек тапшылығы басталып, аты жаман індетпен ауырған науқастарға дәрілік препараттар жетіспей, қайтыс болып кетіп жатты. Дәрі-дәрмектің бағасы аспандап кетті. Тіпті, медицина қызметкерлерінде коронавирустан қорғайтын құралдар мен киімдер жеткіліксіз болғандықтан, қаншама білікті дәрігерлерден айырылып қалдық. ҚР Сыртқы істер министрлігі әлем елдерінен гуманитарлық көмек сұрады. Не дәрі шығара алмай, не бетперде тіге алмай, осындай қиын жағдайға тап болдық. Елімізде өндіріс орындарын көптеп ашудың маңыздылығы, міне, осында жатыр.

Дегенмен, кейбір кәсіпкерлер Қазақстанда өндіріс ашқаннан гөрі шетелден тауар әкеп сатқан әлдеқайда тиімді екенін айтады. Өйткені, бізде өнеркәсіп орнының цехы, өндіріс орындарын ашу үшін көптеген бюрократиялық кедергілер бар. Мәселен, кішкене цех ашу үшін алдымен жер сатып



алуың керек. Қаладан жер сатып алу үшін көп қаржың болуы тиіс. Ол цехты тұрғызу үшін де 30–40 мың доллар тағы шығындаласын. Оның ғимаратын салып, енді жұмысыңды бастайын десең, СЭС, өрт сөндірушілер, сәулет және қала құрылысы секілді, т.б. тиісті органдардан рұқсат алуың қажет. Ал олардың бәрінен рұқсат алып, жұмыс бастағанша 100 мың доллар қаржы жәй кетіп қалады. Сосын мұнша кетірген шығыныңды қашан қайтарып аласың?

Шағын өндіріс орнының өзіне шамамен осынша қаражат кетеді. Ал үлкен өндіріс орнын ашсаңыз, онда тіптен түрлі қиындықтарға тап боласыз. Оның үстіне, банктен несие алудың өзі оңай емес. Кепілдікке қоятын мүлік сұрайды, пайыздық үстемақысы тым қымбат. Мұның барлығына төтеп беру кез келген кәсіпкердің қолынан келе бермейтін тым күрделі іс. Онымен қоса, бізде жақсы маман жоқ, болған күннің өзінде жұмыс күші өте қымбат. Тиісті органдар да қайта-қайта тексеріп мазанды алады. Тіпті, кейбір тексеруші органдар таныстарының атынан шағым жаздырып алып, тексеруді жиілетіп жібереді. Ал әрбір тексеруге қалтаңнан шығындаласын. Сондықтан біздің шағын бизнеспен айналысатын кәсіпкерлер өндіріс орнын ашқаннан гөрі, Қытайдан, Ресейден, Түркиядан тауар алып келіп, осында сатқанды тиімді көреді.

Біздегі әкімдердің де көпшілігінің түсінігі осындай. «Өндіріс орындарында отандық тауар өндірудің шығыны өте жоғары, өзін ақтамайды. Шетелден дайын тауар сатып алған әлдеқайда арзанға түседі. Шетелдік тауар шығыны арзанға түскенде, қымбатқа өндірудің қажеті не?» деп түсінеді кей әкімдер.

Бірақ коронавирус пандемиясы бізге ащы сабақ болды емес пе? Сондықтан қандай жағдай болмасын, бізге өндіріс орындарын көптеп ашу керек. Сырттан сатып алып, оны елге қымбат бағада сату дұрыс емес. Біз бұл арқылы мемлекетімізді ешқашан дамыта алмаймыз.

Жасыратыны жоқ, қазірдің өзінде біз шикізат жеткізетін елге айналып отырмыз. Яғни біз тек жерасты байлықтарымызбен ғана күн көріп жүрміз. Күні ертең ол да азаяды, таусылады. Сондықтан жерасты байлығымыз сарқылмай тұрғанда, 50–60 жылдың ішінде біз өндіріс пен өнеркәсібімізді дамытып алуымыз қажет. Онсыз жағдайымыз қиын болады. Әрине, ол бір күнде дамып кетпейді, әсте-әсте мемлекеттік қолдау арқылы істі дөңгелетіп алуымыз керек.

Мемлекеттік қолдау деген не? Ол ең бірінші – кәсіпкерлік саласын шенеуніктердің бюрократиялық кедергілерінен аман сақтау. Ірі өндіріске мемлекет демеу болса, ал шағын цехтарға жергілікті билік сүйеніш болуы

керек. Банктер де кәсіпкерлерге орынсыз талаптар қойып, жылжымайтын мүлікті кепілзатқа алып, банктік несиелердің пайыздық ақысын жоғарылатуына жол бермеуіміз қажет. Қиын кездерде мемлекет банктердің тығырықтан шығуына қолғабыс жасады. Банктер тарапынан да соның қайтарымы болуы тиіс. Салық, кеден, техникалық реттеуге қатысты мәселелерде де өндіріс орындарын ашатын кәсіпкерлерге жеңілдік қарастырылу керек. 3–5 жылда аяққа тұрып алған соң, өндірістен түсетін пайда алып-сатудан түсетін пайдадан 10 есе артық болуы мүмкін.

Өкінішке қарай, біздің кәсіпкерлер бүгін ақша салып, аз болса да, ертең пайда түсіргенді қол көреді. Ұзақ жоспарлау жоқ. «Пайда зиянның арғы жағында» дегенді ескермейді. Арғы жағындағы пайданы көрмей, бергі жақтағы зиянды есептеп, бастамай жатып шошиды. Мұндай құбылыстың болуына, бір жағынан әкімшілік кедергілер мен бюрократия ықпал етіп отыр.

Сыбайлас жемқорлық деген дерт те кәсіпкерліктің дамуына тұсау болып келеді. Қазір мемлекет өндірісті дамытуға қыруар қаржы бөліп, кәсіпкерлерге қолдау жасап жатыр. Бірақ нәтиже шамалы. Өйткені, өндіріс ошақтарын ашуға бөлініп жатқан қыруар қаржы талан-таражға түсіп жатыр. Өндіріс ошағын ашып, өнімін сатып, пайда табуды емес, өндіріс орнын ашуға бөлінген ақшаны қалтаға басып алып, табанын жалтырататын қара ниет кәсіпкерсымақтар да көп. Сондықтан Үкімет қаржыны кім көрінгеннің қолына бермеуі тиіс.

● ТҮЙІН:

«Қазақстанда өндіріс орнын ашқан тиімсіз» деген бос сөз. Кезінде елімізде жеңіл өнеркәсіп саласында жан-жақты жұмыс істеген «Жетісу», «АХБК» сынды кәсіпорындар болды. Әр жыл қыруар пайдамен шығатын. Егер өндіріс саласын дамытпайтын болсақ, ертең бәрібір біреуге күніміз қарап қалады. Қытай, Ресей тауарларының бағасын қымбаттатып жіберсе, ол бізге міндетті түрде кері әсер ететін болады. Сондықтан бұрынғы тоқырап қалған өндіріс орындарын қайта жаңғыртып, жолға қоюымыз тиіс. Өндірісті дамытуымыз қажет.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ербол ИСАХАНОВ,
Алматы қаласының тұрғыны:

ЕРТЕҢГІ ӨМІР ЖАҚСЫ БОЛСЫН

Егер біз өзімізде өндіріс орнын ашпай, шетелден тауар кіргізуді қоймайтын болсақ, мұның арты жақсылыққа әкелмейді. Бөтен елден тауар тасудың салдарынан жұмыссыздық пайда болады. Жұмыссыздықтан қылмыс, жезөкшелік, ұрлық-қарлық көбейеді. Халықтың, әсіресе, жастардың рухы солғын тартып, ішкілікке бейім болады. Ажырасу, баласын көшеге тастау секілді адам шошырлық әлеуметтік мәселелер артады. Қазірдің өзінде айтыңызшы, базарда арба сүйреп, вокзалда жүк таситын, Сейфуллин көшесінде жұмыс сұрап отырған, Жетім бұрыштан пәтер іздеп тентіреп жүрген қазақ жастарында қандай рух бар дейсіз? Олардың рухын қара жұмыс езіп тастаған. Ертеңгі армандар, аңсаулар, қазақ елін ерлікке, елдікке, бастайтын сара жолдар туралы романтикалық, пафостық қиялдар олардың ойына кіріп-шықпайды. Өйткені, барлығының ойы қалай күн көремін, табыс қалай табамын деп жүреді. Ертеңгі өмірінің жақсы болатынына олар сенбейді.

Оның үстіне, адамдар да күннен-күнге қатқылданып, мейірімсізденіп бара жатыр. Әрбірден соң, қазақ халқының болашағын ойлауға жағдай жасап отырмыз ба? Айналып келгенде, жұмыссыздық намыссыздықты тудыратынын да еріксіз мойындайды екенсің. Сондықтан қандай жағдай болмасын, елімізде өндіріс орындарын көптеп ашып, халықтың жұмыс істеп, табыс табуына барынша жағдай жасауымыз тиіс.

Назгүл АРЫНОВА,
экономист, қаржыгер маман:

ХАЛЫҚ ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛМАУҒА ТИІС

Шынында да, қазір қарап тұрсақ, әлемді жұмыссыздық жайлап барады. Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) мәліметіне сенсек, әлемдегі жұмысшылардың жартысы күнделікті табысынан айырылуы мүмкін. Ең бірінші және ауыр соққыны бейресми немесе өз-өзін жұмыспен қамтып жүрген азаматтар алуда. ХЕҰ-ның бағалауынша, олардың саны – 1,6 млрд адам, әлемдік еңбек күшінің тең жартысына жуығын құрайды.

Сонымен қатар, әлемдегі 436 миллионнан астам кәсіпорын банкроттық жағдайдың алдында тұр. Халықаралық валюта қорының болжамы бойынша, биыл Қазақстанда экономика 2,5 пайызға төмендеп, жұмыссыздық 4,8 пайыздан 7,8 пайызға артады. Экономикалық белсенділік төмендейді, тіпті жұмыс істеп жүрген адамдардың арасында кедейлік өседі. Сауда-саттық, өндіріс, көлік жөндеу, қонақүй, азық-түлік дайындау және жылжымайтын мүлік секторлары бәрінен көп зардап шегеді.

Оның үстіне, бірқатар әлеуметтік зерттеулер бойынша ауыл тұрғындарының 60 пайызы өздерін кедей өмір сүретіндер қатарына жатқызатыны анықталды. Мұндай жағдайда елімізге көптеп өндіріс орындарын ашу өте маңызды. Халық жұмыссыз қалмауы тиіс. Бұл – өте аландатарлық жағдай. Айналып келгенде, мұның барлығы мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретінін ұмытпауымыз керек.

Бақытбек БИДӘУЛЕТҰЛЫ,
кәсіпкер:

ЖАСТАРҒА НАҚТЫ ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАУ БІЛДІРУ ҚАЖЕТ

Таяуда мен ауылға барып қайттым. Ондағы халықтың тұрмыс жағдайы өте қиын. Барлығы қалай күн көремін деген ойдың езгісінде діңкелеп жүр. Шетелдік компаниялардың қоластында болмашы айлыққа немесе солардың тепкісінің астында үндемей, жұмысымнан айырылып қалмайын деп жүрген жастар қаншама. Әрине, мынадай дағдарыс кезінде олар қалай көтеріледі, қалай құқын қорғайды? Жұмыссыз қалса, далада қалатынын жастар біледі. Сондықтан мемлекет басында отырған азаматтар жастарға қағаз жүзінде емес, нақты іс жүзінде қолдау білдіруі қажет.

Сонымен бірге, бізге қатыссыз әлемдік проблемаларды талқылаған жиындар, жүздеген адамдар шақырылған халықаралық конференцияларды өткізуді доғару керек. Әйтеуір биік мінберлерден қызыл сөздер бұрқалса атқылауда. Апыр-ай, осынша сөзге бола қаншама қаржы желге ұшырылады. Бәлкім, тым құрығанда сол қаржыға шағын өндіріс орындарын ашып, қараша халықтың жұмысқа орналасуына көмектесу керек шығар...




ТҰЛФАТАНУ

«АҚИҚАТТЫҢ АЛДАСПАНЫ»

Көрнекті қаламгер Тәкен Әлімқұловтың шығармашылығы жайлы жаңа кітап жарық көрді

III.Айтматов атындағы халықаралық академияның академигі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, филология ғылымының докторы, профессор Қансейіт Әбдезұлы қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны саласында ғылыми-талдамалы еңбектер жазып, насихаттап, талмай еңбек етіп келеді. Жазушының «Ақбоз ат», «Ел мен жер» атты романдары, бірнеше повестері мен әңгімелері оқырмандардың ыстық ілтипатына бөленген. Жақында ғана «Атамұра» баспасынан Қансейіт Әбдезұлының қазақ қаламгерлерінің туындыларына арналған сын мақалалары мен әдеби портреттеріне шолу жасаған еңбегі – «Ақиқаттың алдаспаны» жарық көрді.



Аталған еңбекте зерттеуші дәстүр сабақтастығы мен заманауи жаңашылдықты үндестіре отырып, бүгінгі әдебиетіміздегі тақырыптық-идеялық ізденістерді, жаңашыл әдеби-тәсілдерді жоғары теориялық тұрғыдан бағамдаған. Еңбекте автордың өзіндік қолтаңбасы мен стилі айқын аңғарылып отырады. Нені жазса да нақ, жеріне жеткізе талдап барып, ойын саралай жеткізу – Қансейіт Әбдезұлының қаламына тән шеберлік қырларының бірі десек, асыра айтқандық емес.

Айналып келгенде, бұл қолына қалам алған қаламгерлердің қасиетті қара сөзге деген жауапкершіліктерін арттырар үлкен жүк

екендігі айқын мәселе. Ашы шындықты айқайламай-ақ, жөнімен дұрыс жолға бағыттап жіберу де сыншының әдебиетке деген жанашырлығының белгісі іспеттес ұстаным. Зерттеу нысанының болмыс-бітімін нақты талдай отырып, көпшілік оқырман қауымға шығарманың көркемдік табиғатын дәл таныта білу – көп сыншылардың қолынан келе бермейтін күрделі әдеби тәсіл. Күрмеуі қиын мәселенің киноын қашырмай, тігісін жатқыза отырып, көпшілік қауымның қолдауына ие бола білу де шыңдалған шеберліктің белгісі екендігін мойындамасақ амал жоқ. Осы орайда Қансейіт Әбдезұлының қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік жүйе қалыптастырғанын, аналитикалық салыстырмалы талдау жасаудың сара жолын айқындап алғандығын баса айтқымыз келеді. Автордың сүйікті нысаны, зерттеу объектісіне еншілеп алған тақырыбы – көрнекті қаламгер Тәкен Әлімқұлов шығармашылығы.

Қазақ қаламгерлерінің қай-қайсының да әңгіме жанрына соқпай өткені кемде-кем. Ал Тәкен Әлімқұлов әңгіме жанрында аңыздық желілердің сюжеттері мен көкжиегін психологиялық дәлдікпен, философиялық ойдың тартымдылығымен кеңейткен жазушы.

Қазақ халқының рухани байлығының мол арналарының біріне күй-аңыздар тобы жатады. Әрбір күйдің өзіндік шығу тарихы бар. Соған орай, ғалым-сыншы ауызекі әңгімелердің айтылуы мен жеткізілуінің де үлкен мән-мағынасын ғылыми тұрғыдан аша түскен. Қансейіт Әбдезұлы Тәкен Әлімқұлов шығармаларындағы аңыздық, мифтік сарындардың түпкі арналары халықтың есіне



аңыз боп тараған күйге, күйшіге, әншіге байланысты айтылған ауызекі әңгімелерімен сабақтасып келетінін арнайы мысалдармен түйіндеп отырады. Қазақ күйшілері шығармаларының нақты тарихы жазба түрде сақталмағандықтан, әрбір күйдің өмірге келуі, оның пайда болуына әсер еткен құбылыстардың өзі ауыздан-ауызға тарап, аңызға айналып отырған.

Ал музыкалық аспапты терең меңгеріп, сол арқылы өзінің, елінің, жерінің, т.б. сырын адам санасына жеткізуге қабілетті талант иелерін қарапайым жұрт ерекше қасиет иесі, әулие ретінде бағалағаны белгілі жайт. Яғни ондай адамдардың іс-әрекеті, қылықтарының өзі аңызға айналуға дайын сюжеттер. Автор жазушының осындай аңыздық сарынның желісімен жазылған – «Сарыжайлау», «Қара қобыз», «Телқоңыр», «Қарайой», «Сейтек сарыны» және тағы басқа әңгіме-повестеріне тереңнен талдау жасайды.

Жазушының бұдан басқа да көптеген шығармалары аңыздың негізгі желілерін сақтап жазылғандығына баса көңіл бөледі. Т.Әлімқұлов күй тілін сөз өнерінде өзіндік өрнегімен құлпырта, құбылта бейнелеген, күйдің күдіреттілік күшін шынайы өмір болмысымен шебер жеткізген қарымды қаламгер. Бұл ретте автордың мақсаты – жазушының Тәттімбеттің «Сарыжайлау»

күйіне байланысты туған, астары аңызбен көмкерілген әңгімесінің арқауын айқындап алу. Автор күй мен күйші туралы әңгімелерді зерттегенде, сол өңірдің тарихи-әлеуметтік сипаттарын жан-жақты толық қамтып, Т.Әлімқұловтың күй тілін, күйшінің өмір сүрген ортасын, оның айнала тіршілік әлеммен байланысқа түскен жаратылысын бірлікте алып суреттейтініне ерекше назар аударған.

Ол қазақ прозасында күй мен күйші тақырыбына тыңнан түрен салған алғашқы қаламгерлердің бірі. Сондықтан да «қазақ прозасында әдеби шығарманың сюжеттік желісінің күйге, сазға негізделуін Тәкен Әлімқұловтың шығармашылық ізденістері қалыптастырды» деп түйіндейді ғалым. Күйдің болмыс-бітімін, философиялық ой-толғаулардың көркемдік амал-тәсілінің сан-салалы формасын табу үлкен білімдарлықты қажет ететін тылсым дүние. Оны барынша ұқыптылықпен жүйелеп, астарынан, көп-қабатты қырларынан қажетті ақпаратты көркем сөзбен келістіре суреттеу үлкен шеберлікті талап ететіні айқын.

А.МӘУЛЕНОВ,
Жамбыл атындағы қазақ фольклоры
мен әдебиеті ғылыми-зерттеу
орталығының директоры, ф.ғ.д., доцент.

КИНОКЕҢІСТІК

ФИЛЬМНЕН КЕЙІНГІ ОЙ

Аты аңызға айналған «Дос-Мұқасан» ансамблінің құрметіне шыққан фильм көрермен арасында жылы лебіздерге ие болып, күннен-күнге танылып жатқаны менің де қызығушылығымды оятты. Еліміздің бетке ұстар музыканттарының жеңісті жолымен танысу үшін сіңділерімді ертіп, кинотеатрға бет алдым.



Фильмді көргенде, топ мүшелерінің жастық шағына саяхат жасап, студенттік кезеңін өз басымыздан өткергендей болдық. Кішкентаймыздан жанға жақын әндерді естіген кезде, бойымызды бір ерекше сезім кернеп, ата-анамыздың бұл әндерді «балалық шағымыздың әндері» деп тыңдайтындары есімізге түсті. Мұрат пен Сәбираның тойына арналып жазылған «Той жыры» әні бүгінде әрбір қазақ шаңырағындағы тойдың ұранына айналды. Фильмнің басынан аяғына дейін нағыз қазақ жігіттерінің мықты мінездері мен ауызбіршілігіне тамсандым. Фильмде топтың аты неге «Дос-Мұқасан» аталғандығы баяндалған.

Сценариймен айналысқан Евфрат Шарипов бұл жобаны 2019 жылы бастап жазып, кейінірек бірталай өзгерту еңгізген. Сценариймен жұмыс барысында карантин болғанына қарамастан, ансамбль мүшелерімен онлайн кездесулер ұйымдастырып,

талай рет талқылау өткізген екен. Топ мүшелерінің өздері түсірілім алаңына келіп, сырттай тамашалап, соңынан ой бөлісіп қайтқан кездері болыпты. Фильмнің толық нұсқасын премьерара бір-ақ көрген топ мүшелерінің алған әсерлері айрықша болған. Көрсетілім аяқталғаннан кейін көрермендер орнынан тұрып, ұзақ уақыт бойы шапалақ ұрып, қошемет көрсеткен кезде топ мүшелері ортаға шығып актерлерге алғысын білдірген екен.

Досым Сүлеевтің премьерара сезімге ерік беріп, көзіне жас алғанын білеміз. Ансамбль тек қазақ жерінде ғана емес, өз өнерімен шет мемлекеттерге де танылып үлгерді. Бүкіл дүние жүзін аралап, 5000-нан астам концерт берген бұл топтың аты мәңгі өшпесі анық. Мен үшін «Дос-Мұқасан» – аңызға айналған ансамбль.

Ақбота АБАЕВА.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

«Отан – отбасынан басталады» демекші, бір тудың астына біріккен халықтың отбасылық моделі кез келген мемлекеттің негізін қалаушы фактор болып табылады. Сол сияқты, отбасы ішінде қалыптасқан қарым-қатынастар мемлекет тұтастығын құрайтын салалар арасындағы қарым-қатынастың моделі деуге де болады. Сол себептен де, өскелең ұрпақты тәрбиелеу туралы әңгіме қозғалғанда, ол жекелеген отбасына ғана қатысты емес, сондай-ақ сол отбасы мүшелерінің адами тұлғасының қалыптасуы бүтіндей бір мемлекеттің қалыптасуына да қатысты болып табылады.

БАЛА – БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ

Себебі, отбасында қалыптасқан мінез-құлық баламен бірге таңдаған өмір жолына да бірге қадам басады. Осы орайда, қай ұлттың болмасын салт-дәстүрінде немесе қай діннің болмасын негізінде адам арасындағы қарым-қатынаста ең алдымен қарапайымдылық, тазалық, шынайылық, адалдық, сабырлық, еңбекқорлық атты қасиеттер дәріптеліп, осы қасиеттер баланың жеке азамат болып қалыптасуы арқылы қоғамның дамуындағы жақсы нәтижелерге қол жеткізуіне негіз болатыны айқын. Міне, «Бала – біздің болашағымыз» сынды модельді мемлекеттік идеология тұрғысынан алып қарастырсақ, төменде келтірілген дәйектерді есте сақтауымыз тиіс.

Біріншіден: Балаға қамқор болу, оның қауіпсіздігіне жауапкершілікте болу мен қажеттілігін өтеу тек жоғары мінбеден айтылатын ұран ғана емес, әрбір ата-ана мен мемлекеттің жергілікті атқарушы органдар арқылы бірлесе отырып баланың күнделікті тіршілігінде іске асатын әрекеттерді орындау болып табылады. Мысалы, отбасының негізгі міндеті – балаға жайлы сыйласымдық пен сүйіспеншілікке толы қарым-қатынаста адамгершілік принциптеріне негізделген

тәрбие беру болса, бала қарым-қатынаста болатын әлеуметтік ортада, балабақша, мектеп, үйірмелер, т.с.с. мемлекет тарапынан баланың жан-жақты дамуына жағдай жасау. Ол дегеніміз, түрлі үйірмелер мен кітапханаларды балаға қолжетімді болуын қамтамасыз ету.

Екіншіден, баланың кішкене күнінен бастап өз туған өлкесін, туған ауылын, туған жерін, Отанын сүйіп өсуіне, адамгершілік қасиеттерге ие болуына ықпалын тигізетін патриоттық тәрбие беру – отбасы мен мектептің бірлесе отырып үздіксіз атқаратын ісі.

Міне, осы екі шарттың сапалы орындалуы заманауи қоғамның ең басты міндеттерінің бірі және балалық шақ – Отанға деген асыл махаббаттың фундаменті бекем болатын кезең болып табылады. Ұлттық құндылықтарға сусындап, отбасы мен мемлекеттің қамқорына бөленіп өскен бала өз отбасы мен Отанына адал қызмет ететін азамат болып қалыптасады.

Жанар АХМЕТЖАНОВА,
Алматы қаласы бойынша
Қазынашылық департаментінің бас
маман-бас қазынашысы.



ДЗЮДО

«Qazaqstan Barysy Grand Slam»

Ұлттық құрама 7 медаль алып, 4-орынға ие болды

Қазақстан дзюдо федерациясының баспасөз қызметінен мәлім еткеніндей, қазақстандықтар 1 алтын, 1 күміс, 5 қола медальмен 42 елдің арасында жалпыкомандалық есепте 4-орын алды.

Халықаралық дзюдо федерациясының күнтізбесіне «Qazaqstan barysy Grand Slam» атауымен енген бұл жарысқа барлығы 42 елден 340 спортшы қатысты. Бұл доданың нәтижесінде IJF ережелеріне сәйкес жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері арасында әлемдік және олимпиадалық рейтингтерде ұпайлар бөлінді. Атап айтқанда, чемпиондарға 1000, күміс жүлдегерге – 700, ал 3-орын үшін 500 ұпайдан берілді.

Айта кететін жәйт, бұл турнирде дзюдошылар 2024 жылы Парижде өтетін жазғы олимпиада ойындарына қатысу үшін ұпай жинады.

Қазақстан дзюдо федерациясы мен Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) екіжақты келісім-



шартына сәйкес еліміз әлемдік Grand Slam жарысын 2023–2026 жылдар аралығында қабылдайды.

«Керемет сезімдемін, өз елімізде өтіп жатқан байрақты жарыста алтынға қол жеткізу – маңдайыма жазылған бақыт шығар. Қуанышымды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Голден скор сегіз минутқа созылса да, шаршағаным сезілмеді. Қарсыласыммен бір-біріміздің қыр-сырымызды біліп, әбден намысқа салып күрестік. Өз

елімізде өтетін жарысқа психологиялық тұрғыда жақсы дайын болдым. Мені қолдаған барша қазақ еліне алғысым шексіз», – деді өз сұхбатында чемпион атанған Мағжан Шамшадин.

3 күнге созылған әлемдік додада Қазақстан сапынан 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Мағжан Шамшадин чемпион атанып, Ғұсман Қырғызбаев (-66 кг) күміс жүлде еншілесі, Данияр Шамшаев (-73 кг), Асқар Наркұлов (-73 кг), Ислам Бозбаев

(-100 кг), Ғалымжан Қырықбай (+100 кг) және Ақерке Рамазанова (+78 кг) үшінші орынға көтерілді.

Ғалия Тынбаева (-48 кг), Жансай Смағұлов (-73 кг) және Бекарыс Сәдуақас (-100 кг) кіші финалға дейін жетіп, 5-орынға тұрақтады.

«Qazaqstan barysy Grand Slam» турнирі тәжірибелі және жас дзюдошылар үшін өте керемет алаң болды. Жарыс нәтижесіне қарап, біздің құрамада буын алмасып жатқанын және әртүрлі салмақтар арасында ел ішінде бәсекелестіктің арта түскенін байқауға болады. Байрақты дода өз жерімізде өтіп жатқандықтан, әрқайсысында жауапкершілік жүгі екі есе болды. Кей дзюдошылар өз қателіктерінен медальға қол созым жерден тоқтаса, кейбіреулерінің баптары мен бақтары қатар шаппады. Спортшыларымызға қолдау білдіріп келген барлық жанкүйерлерге рахмет айтамын және біз әлі де сіздердің үміттеріңізді ақтау үшін көп еңбек ететін боламыз», – деді дзюдодан Қазақстан ерлер ұлттық құрамасының бас бапкері Нұрбол Сүлейменов.

UFC



Жекпе-жек күні – 21 қазан

Шавкат Рахмоновтың UFC-дегі келесі қарсыласы анықталды

Қазақстандық Шавкат Рахмонов Абу-Даби (БАӘ) өтетін UFC 294 турнирінде Белал Мұхаммадпен жұдырықтасады. Бұл туралы журналист Рубен Картер хабарлады.

Белал Мұхаммад ММА бойынша 25 жекпе-жек өткізіп, 22 мәрте жеңіске жетті. Шавкат Рахмонов 17 жекпе-жек өткізіп, барлық шайқасын жеңіспен аяқтаған. Қазіргі UFC жартылай орта салмақ рейтингінде қазақстандық файтер алтыншы, Белал Мұхаммад үшінші орында тұр.

ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ ҰРЫС

21 АЛТЫН

Ел құрамасы әлем чемпионатында үздік нәтиже көрсетті

19 күміс және 21 қола медаль жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте көш бастады. Әлем чемпионатының алтынын иеленгендер арасында Медет Қожбанов, Ердаулет Жәніс, Ілияс Мұхаммадиев, Мәди Райхан, Дәулет Темірханов, Максат Бекмұханбетов, Тимур Шалов және Қайрат Мұқанбековтер бар. Ал күміс жүлдені Серік Әбіров, Андрей Тирешин, Арай Мусина, Сая Әуелбекова, Аманбек Жаманқарасев, Әлихан Сеитов, Айдын Үмбетов сынды жекпе-жек шеберлері жеңіп алды. Әмина Шәйменова, Шынар Кенжебаева, Әсел Жұмақасова, Шынар Баймурзина, Алексей Беликов, Сергей Бредихин мен Ардақ Мадимұхаметовтер қола медаль иеленді.

Жалпыкомандалық есепте 7 алтын, 7 күміс және 15 қола медальмен Ресей Федерациясының командасы екінші орынға тұрақтады. Жүлде саны бойынша Қазақстан құрамасы үздік үштікті қорытындылады. Ал ел спортшылары 7 алтын, 6 күміс және 12 қола медаль жеңіп алды.

Жалпы әлемдік додаға 32 елден келген 300-ден астам спортшы қатысты. Бұл спорттың «Жекпе-жек» түрінде әлем біріншілігінің медальдары үшін 17 салмақ дәрежесінде 118 ер және 43 әйел жекпе-жек шебері сайысты. «Өзін өзі қорғау» бойынша 16 салмақ дәрежесінде 129 ер мен 32 әйел өзара мықтыны анықтады.

Қоян-қолтық ұрыстан әлем чемпионаты 16–18 маусым аралығында Астанадағы Ж.Үшкөмпіров атындағы жекпе-жек сарайында өтті.



ТУРНИР



ТЕННИС



ЕЛЕНА ҮЗДІК ҮШТІКТЕГІ ОРНЫН САҚТАП ҚАЛДЫ

Әйелдер теннис қауымдастығы (WTA) жаңартылған әлемдік рейтингті жариялады.

Дүниежүзілік рейтингте Қазақстанның бірінші ракеткасы Елена Рыбакина үздік үштіктегі орнын сақтап қалды. Юлия Путинцева бір сатыға жоғарылап, 50-орынға табан тіреді. Ал жұптық сында өнер

көрсететін теннисшілер рейтингінде Қазақстан үздігі Анна Данилина 24-орында қалды.

Әлемдік рейтингте польшалық Ига Швентек көш бастаса, белоруссиялық Арина Соболенко екінші орында.

СОРА РАХМОНОВА

үш дүркін әлем чемпионы атанды

Рахмоновтың қарындасы Сора Рахмонова NAIZA лигасы турнирінде Валерий Карыгинаны жеңгеннен кейін Астанада өткен қоян-қолтық ұрыстан әлем чемпионатына қатысты. Ел астанасында алтын медаль алып, үш дүркін әлем чемпионы атанды.

«Әлем чемпионатымен қосқанда қоян-қолтық ұрыстан әлемді үш рет мойындаттым. Барлық жанашырларыма қолдау

көрсеткені үшін рахмет», – деп жазды Сора Рахмонова әлеуметтік желідегі парақшасында.

ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛҒА ШЫҚТЫ

Қазақстанның жұптық сындағы үздік теннисшісі Анна Данилина Ұлыбританиядағы WTA 250 турнирінің жартылай финалына шықты.

Ноттингемде өтіп жатқан жарыста Анна Данилина қытайлық Сюй Ифаньмен бірге өнер көрсетіп жатыр. 1/4 финалда қытайлық-қазақстандық жұп Натела Дзаламидзе (Грузия) – Сабрина Санта-

мариямен (АҚШ) дуэтин 5:7, 7:6 (12:10), 10:7 есебімен жеңді.

Финалға шығу үшін Анна Данилина мен Сюй Ифань норвегиялық-эстониялық жұп Ульрикке Эйкери – Ингрид Нилмен шеберлік байқасады.



Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы тұрғындарының, кәсіпорындары мен ұйымдар басшыларының назарына!

2023 ж. 22 маусымда, сағат 06.00-ден сағат 07.00-ге дейін «АлЭС» АҚ Алматы А.Жақұтов атындағы 2-ЖЭО-дан мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, «Алғабас» ықш. ауданы, 7-көше, 130-үй БЖК Орталық тарату пунктіне дейін мекенжайы: Алматы қ., Әуезов ауданы, Төле би к., 308-үй Ду1000 жылу магистралінде гидравликалық сынақ жұмыстары жүргізіледі.

Осыған байланысты «АлЭС» АҚ сынақ өтетін («Алғабас» ықш. ауданы, Ақсайская к., Марғұлан к., Трудовая к., «Алтын бесік» ықш. ауданы, «Ақсай-3», «Ақсай-3 А» ықш. ауданы, «Ақсай-3 Б» ықш. ауданы, «Ақсай-2» ықш. ауданы, Саин к. (Төле би және Қабдолов к.), «Сайран» Орталық халықаралық автобекетінің батысына қарай (Саин к. мен Өтеген батыр к. аралығында) аумақтың барлық тұрғындарының жылу магистралінің ықтимал бұзылуы жағдайында ауыр жарақат алуды болдырмау үшін қауіпсіздік техникасын сақтауды сұрайды.

Кәсіпорындар мен ұйым басшылары адамдарды сынақ өтетін жылу магистралінің аумағынан, ықтимал жазатайым жағдайды болдырмау үшін шығарсын.

Қосымша мәліметтерді 8 (727) 227-70-21 телефонынан алуға болады.

КЕРЕК ДЕРЕК

Нобель – ғаламдағы құнды сыйлық

Нобель – дүние жүзіндегі айрықша сыйлық. Аталған сыйлықты алушы тұлғаға Швецияда 1 млн АҚШ доллары табысталады. Дүниедегі құнды премия туралы 5 қызықты мәліметті ұсынамыз.



* Нобель сыйлығына ұсынылғандар туралы ақпар жарты ғасыр бойы құпия сақталады. Тек 50 жыл уақыт өткеннен кейін Швед академиясы мұрағаттарды ашады. Мәселен, 2017 жылдың қаңтар айында ақын Анна Ахматованың Нобельге ұсынылғаны анықталды. Әдебиет саласы бойынша 1966 жылы ең мәртебелі атаққа номинант болған ақын есімі 5 наурыз күні өмірден өтуіне байланысты тізімнен алынған.

* Әлемде 5 ерлі-зайыпты Нобель сыйлығын иеленген. Алғаш рет 1903 жылы Мария мен Пьер Кюрилер алды. Олар әлемге әйгілі физик және үлгілі отбасы әрі ғалымдар әулеті болған.

* Бір қызығы, 5 адамға бағалы сыйлық сырттай берілген. Себебі, атақ берілген уақытта олар түрмеде отырған немесе еркіндігі шектелген. Олардың барлығы бейбіт өмір үшін күрескен. Неміс пәлифисі әрі журналист Карл фон Осецкий, кесес әділетшілі Андрей Сахаров, польшалық белсенді Лех Валенса, бирмалық саясаткер Аун Сан Су

Чжи және Қытай демократы Лю Сяобо.

* Құнды сыйлықтың ең жас лауреаты – 17 жастағы Малала Юсуфзай есімді қыз. Пәкістандық бойжеткен мұсылман елдерінде әйелдерге білім алу құқығының берілуі жолында күрескен. Оған 2014 жылы бейбіт өмір жолында жүргізген күресі үшін табысталған. Юсуфзай 11 жасынан бастап BBC арнасында блог жүргізу арқылы танымал болған.

* 2021 жылғы Нобель Бейбітшілік сыйлығы «демократия мен тұрақты бейбітшіліктің алғышарты болып табылатын сөз бостандығын қорғаудағы күш-жігері үшін» берілді. Бұған кім ие болды дерсіз. «Новая газета» басылымының бас редакторы, ресейлік әйгілі журналист Дмитрий Муратов алды.

Дайындаған
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

СТУДЕНТ ДӘПТЕРІНЕН

Таза ауа жұтқым келеді

Екінші астанамыз – Алматының үстіндегі түтін әрбір алматылық үшін үйреншікті көрініске айналған. Ластанған ауа – бұл қаланың маңызды экологиялық мәселелерінің бірі екені бәрімізге белгілі. Өкінішке қарай, ару Алматының әсем табиғатын осы түтін тұмшалап тұрғандай.

Экологтардың пікірінше, мегаполистің ауасын тазартуға мүмкіндік бермейтін себеп – желдетудің нашарлығы. Қала Іле Алатауының етегіндегі тау аралық ойпатта орналасқан. Мұнда желсіз ауа райын, тұманды және жердегі температураның күшті инверсиясын байқауға болады дейді мамандар. Алматылықтардың әртүрлі химиялық ластанушы заттардың қақпағында тұрғаны да жасырын емес.

Экологтардың зерттеуінше, шаһардың ауасындағы ластанудың ең үлкен көлемі улы газдардың әсерінен, яғни азот диоксиді, көміртегі оксиді және формальдегид. Олардың көзі – көліктерден шығатын газдар. ЖЭО шығарындылары, қатты қалдықтарды жағу кезінде және т.б.

Экологияның нашарлауы себебінен де тыныс алу органдарының сырқаттану деңгейі бойынша Алматы Қазақстанда бірінші орында тұрған көрінеді. Сонымен қатар, ДДҰ мәліметтеріне сүйенсек, ластанған ауаны үнемі ингалляциялау адамның өмір сүру ұзақтығын 8–10 жылға қысқартады.

Адам өміріне осындай орасан үлкен әсер тигізетін экологиялық апаттардың алдын алу мақсатында әр алматылық экологияны жақсартуға өз үлесін қосқаны абзал.

Бәрі өз қолыңда

Алматы – көркемдігімен танымал болған мегаполистердің бірегейі. Қаланың ыстығы 40 градусқа дейін баратын жазда демалысты қалай өткіземіз? Ендеше, біз сіздерге осы шуақты маусымды жіберіп алмауға және мүмкіндігінше ләззат алуға көмектесетін чек-парақша дайындадық.

Мәселен, осы жаздың жарқын сәттерін таспалап алу мүмкіндігіне мән беріңіз. Алматының әдемі жерлеріне фотосессияға барыңыз, ерекше және жарқын бейнелер жасаңыз. Оларды әлеуметтік желілерде бөлісіңіз және жазғы көңіл күйді қалыптастырыңыз. Өйткені, жазғы фотосуреттер тек естеліктер ғана емес, сонымен қатар өзіңізді және жақындарыңызды қуантудың тамаша тәсілі.

Кешкі асыңызды дәмханалардың террасаларында ішіңіз. Қалада әдемі террасалары бар көптеген дәмхана мен мейрамханалар бар. Өзіңіздің сүйікті дәмханаңызды тауып, сол жерде ұмытылмас кештер өткізіңіз. Дәмді тағамдарға тапсырыс беріңіз, жақындарыңызбен жағымды кездесулерден және Алматыдағы жаздың кешкі аспанынан ләззат алыңыз.

Тау бөктерінде бірнеше күн өткізіңіз. Қала іргесіндегі Алматы облысы өзінің биік тауларымен ерекшеленеді. Көлсай, Алма-Арасан, Көкжайлау дейсіз бе, бәрі демалысқа таптырмас көркем орындар. Қаланың күйбен тіршілігінен бір сәт босап, тау бөктерінде тыныштықты сезініп, демалыңыз. Таза ауа мен әсем табиғат сізге үлкен энергия береді.

Бұл жазды естен кетпестей етіп өткізу өзгенің емес, өзіңіздің қолыңызда. Ал ару Алматы сізге бұл жолда нағыз көмекші бола алатын қала.

Тұмарис ТҰРДЫБЕКОВА,
«Тұран» университеті Журналистика факультетінің
2-курс студенті.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбір-текті рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге. ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ӨНЕР

«ТӘУЕЛСІЗДІК БЕЙНЕЛЕРІ»

Қазақстан мен Орталық Азияға деген үлкен сүйіспеншілікке толы көрме

Алматыда орналасқан
Ә.Қастеев атындағы
Мемлекеттік өнер музейі
Клара мен Дана
Исабаевалардың жеке
коллекциясынан алынған
«Тәуелсіздік бейнелері» атты
ғажап көрме ұсынды. БАҚ
өкілдеріне арналған баспасөз
турында Клара Исабаева
экскурсия жүргізді.

**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

Исабаевалардың коллекциясы ХХ ғасырдың 90-жылдары мен 2000 жылдардың басында қалыптасқан. Бұл – Тәуелсіз Қазақ мемлекеті мен Тәуелсіз Қазақстан өнерінің қалыптасу және құрылу кезеңі.

Көрмеге қазіргі заманғы қазақстандық және шетелдік суретшілер – Аркадий Горбатов, Нелли Бубэ, Бейсебек Ақанаев, Гүлжамал Тағенова, Габо апалы-сінділер, Андрей Назаренко, Александр Ермоленко және т.б. бейнелеген еліміздің байырғы бай тарихи және ғасырлар бойғы дәстүрлерін, ұлы керуен жолдарының жаңғырығын, заман байланысын, туған жерімізді және оның табиғатын жырлайтын, сыртқы әлемнің шекараларын паш ететін және оның ең қолжетпес сұлулығына тандану мүмкіндігін сыйлайтын 40-тан астам туынды қойылған.

Шетелдік суретшілердің қатарында қырғыздың көрнекті суретшісі Жырғал Матуралимов, Сан-Францискодан келген суретші Карлос Кузма және гаитидің наив стилінде жұмыс істейтін Доминикан Республикасының суретшілері бар. Бұл кескіндеме және графикалық жұмыстар,



сондай-ақ аралас рельефтік техникада орындалған картиналар.

Клара Исабаеваның бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер жолында келе жатқанына 50 жылдан асқан. Өнердің өз өкілі алдымен маркалар, содан кейін кітаптар, кейін төлтума өнер туындыларын жинай бастаған. Жаһанның коллекцияға аса бай ең үздік музейлерін аралаған ол коллекция құру үшін бірегей әрі ерекше Қазақстан мен Орталық Азия өнерін таңдаған екен. Мәселен, Аркадий Горбатовтың «Отырар керамикасы» атты тарихи шығыс натюрморты Ұлы Жібек жолындағы ортағасырлық ең бай қаланың тұрмысын көз алдымызға әкеледі. Суретшінің өзі көптеген археологиялық экспедиция мен қазба жұмыстарына тікелей қатысқан. Шығармаларында көрініс

тапқан қыш бұйымдардың барлығы қазіргі күні Астанадағы Ұлттық музейдің Орта ғасырлар бөлімінде көрмеге қойылған Отырардың тарихи құмыралары мен тостағандары көрінеді.

Ал Нелли Бубенің бұрынғы заманға сай стильде салынған «Даланың еркелері» атты топтық портреті киіз үйдің ішіндегі жастық шактың бейқамдылық және қуаныш сезімін бейнелейді. Суретші қазақ қызының алуан түсті әлемін көптеген көмекші ұлттық элементтер арқылы – әйелдердің әшекей бұйымдарымен және ру таңбаларымен, ыдыс-аяқпен, яғни қазан, саптаяқ, үккіш, қоржынмен, сандықпен, көрпелермен және дастарханмен безендіре отырып шебер жеткізеді.

Бейсебек Ақанаевтың «Петроглифтер

әуені» мен «Қымыз құятын ыдыстардың жиынтығы» атты натюрморты біздің тарихымыздың маңызды кезеңдерін бейнелейді. Б.Ақанаев ежелгі петроглифтерді бейнелеу арқылы біздің жеріміз байырғы замандардан бері дарынды тұлғаларға бай екенін көрсетуге ұмтылған. Суреттің ортасында аты аңызға айналған музыкалық аспап – қобыз тұр. Оны жасаушы – бірнеше түркі халықтарының, яғни қазақтардың, түрікмендердің, әзербайжандардың, түріктердің бабасы, Сырдария даласынан шыққан Х ғасырдың музыканты және сазгері Қорқыт ата. Ішектері жылқы жалынан жасалған аспаптың ерекше дыбысы бар, аңыз бойынша ол Қорқыт атаға келген өлімді де қорқытқан. Дала болмысының ең айқын көрінісі болып табылатын қобыз көптеген қасиетті мағыналарға ие – бұл көшпендінің жан-дүниесінің және қазақ музыкасының символы, виолончель мен скрипканың түп атасы, ата-бабаларымыздың өсиеті және біздің мәдениетіміздің ежелгі дәуірінің дәлелі. Бұл ғажап жұмысқа қарап, біз ғасырлар бойы бізге жеткен ата-бабаларымыздың әуендері мен олардың ғибрат сөздерін естігендей боламыз.

Ақанаевтың «Қымыз құятын ыдыстардың жиынтығы» атты натюрморты қазақтың ең жарқын және маңызды, өте ежелгі және бізге тәуелсіздікпен оралған Наурыз мерекесін бейнелейді. Суреттің қаныққан жасыл түсі – бұл түрлі-түсті дақтармен көмкерілген, гүлденіп, ояңған даланың, көктемнің түсі. Жұмыс табиғат пен өмірдің жаңаруын білдіреді.

Клара Исабаеваның қызы – Дана Исабаева да коллекция жинауға ерекше жақын. «Өнер адамның ішкі әлемімен байланыстыра отырып, өмірді өзгертетін және эмоционалды әл-ауқатқа ықпал ететін күшке ие», – дейді Дана Исабаева.

Қазақстан мен Орталық Азияға деген үлкен сүйіспеншілікке толы көрме шілде айының 10-ына дейін жалғасады.

**ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ**

EUR/KZT 493,7 теңге



USD/KZT 450,99 теңге



RUB/KZT 5,4 теңге



CNY/KZT 63,43 теңге